

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 232 (9550) || 1954 жылғы 23 ноябрь Сейсенбі

Шығуына 35 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

Жұмысшы жастардың кешкі мектебі

Еліміздің өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы жыл сайын жаңа, күрделі техникалармен үзбей жабдықталып отыр. Бұл озат техникаларды меңгеріп, оны әндіріске барынша тиімді пайдалану мүддесі жұмысшылардың білімді, техникалық даярлығының мол болуын керек етеді. Өйткені күн санап өркендеп келе жатқан жаңа техниканы мұндай әзірліксіз басқарып, оны іске ойдағыдай пайдалану мүмкін емес.

Партия мен үкметіміз жұмысшы жастардың өндірістен қол үзбей-ақ оқып, өз мамандықтарын жете меңгерулеріне үнемі қамқорлық жасап келеді. Тәжірибе жастарға білім берудің бірден-бір тиімді жолы жұмысшы жастардың кешкі мектептері екендігін көрсетіп отыр. Кешкі мектептер жұмыс істей бастаған он жылдан астам мерзім ішінде жүз мыңдаған жұмысшы жастардың орта, жоғары оқу орындарына түсіп оқуларына, білім алуларына мүмкіншілік берді. Жұмысшы жастардың арнаулы білім алулары олардың еңбек өнімділігін анағұрлым арттыруларына, жоғары мәдениетті маман жұмысшылардың қатарына қосылуларына жағдай туғызды.

Бұл мектептердің жұмысына үстіміздегі жылы да ерекше көңіл бөлініп отыр. Біздің облысымызда да көп жұмысшы жастар кешкі мектептерде оқиды. Қазір қаламызда бір орта, үш жетіжылдық және Булаев, Совет, Мамлют аудандарының орталықтарында да бір бірден кешкі орта мектептер жұмыс істейді. Быйыл тек қала мектептерінің өзінде ғана 1400-ге жуық жұмысшы жастар оқуға тілек білдірді. Бұл күндері олардың көбі оқып жүр.

Мектептердің көпшілігі оқу-материалдық базамен, оқытушылармен толықтырылды. Демек, бұл — жас жұмысшыларға терең білім беруге мүмкіншілік бар деген сөз.

Солдай бола тұрса да, жекелеген мектептерде елеулі кемшіліктердің барлығын жасыруға болмайды. Үстіміздегі оқу жылының бірінші тоқсанында қалада оқуға жазылған жұмысшылардың едәуір бөлегі оқуға қамтылмады. Оның ең негізгі себебі кейбір өнеркәсіп орындары мен мекеме басшыларының жұмысшы жастардың оқуына көңіл бөлмеуі болды. Мұндай фактілер С. М. Киров атындағы, шарын двигателдер заводдары мен «Комсомолка» тігін фабрикасында орын алды. Бұл кәсіпорындарының басшылары кешкі мек-

теп беретін оқытушының болмағандығынан бұл шен екі ай бойы өткізілмей қалды. Бұл кемшіліктерді көре біле отырып, қалалық оқу бөлімі де істі жақсартуға ешқандай шара қолданбады.

Мектептерде оқу-тәрбие ісінің табысты болуының басты бір шарты — сабақтың үздіксіз, оқытушылардың толық қатысуымен өткізілуі болса, сонымен қатар оқытушылардың өткізген сабақтарының терең мазмұнды, жоғары идеялы болуы. Программалық материалдар неғұрлым уақытында, толық әрі сапалы өткізілген болса, оқушы да солғұрлым терең, тұрақты білім алады. Үстіміздегі оқу жылында орыс тілі, физика, математика, химия пәндеріне баса көңіл бөлінуге тиіс. Өйткені бұл пәндердің жұмысшылардың техникалық біліммен қарулануына көп әсер ететіні мәлім. Быйыл аталған пәндердің сағаттары бұрынғысынан едәуір арттырылды. Соның нәтижесінде лабораториялық және практикалық жұмыстарды көп және толық жүргізуге мүмкіншілік туды. Міндет — бұл мүмкіншіліктерді жете пайдалана отырып, жұмысшылардың терең және тұрақты білім алуы үшін күресу.

Кешкі мектептердің жұмысындағы бір ерекшелік сол — мұнда бірнеше жыл бойы мектептен қол үзіп қалған адамдар да оқиды. Олардың өтілген материалды бірден игеріп кетуі қиынға соғады. Мұндай жағдайларда қосымша сабақтар өткізудің маңызы өте зор. Оқытушы қосымша сабақтарды өткізген кезде тек қана программалық материалдарды қамтып қоймай, қосымша материалдарды да пайдалана отырып, кәсіпорындары әмірінен нақтылы мысалдар келтіруге тиіс.

Жастардың білім алуына ауыл-селолық жерлерде баса көңіл бөлінуге тиіс. Быйыл облысымыздың аудандарында 24 кешкі мектептер жұмыс істейді. Бұл мектептерде оқу бірінші ноябрьде басталды. Ауыл-село жастарының кешкі мектептеріндегі өткізілген алғашқы сабақтардың өзі жастардың оқуға деген ынтасының зор екендігін көрсетті. Олардың өскелең тілегін қанағаттандыру үшін жергілікті партия, совет орындары кешкі мектептерге үлкен қамқорлық көрсетіп отырулары керек.

Облысымыздың халық ағарту орындары ауыл-село жастарының кешкі мектептерінің жұмысын үнемі бақылап, басшылық жасауға, оларды оқытушылар кадрларымен қамтамасыз етуге, оқу-материалдық базаларын нығайта беруге мін-

КБ ОС ПРЕЗИДИУМЫНДА Москваның алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бастамасы бойынша бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты өрістету туралы

КБ ОС Президиумы Москваның алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бастамасы бойынша бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты өрістету туралы қаулы қабылдады.

Қаулыда Москваның алдыңғы қатарлы кәсіпорындары коллективтерінің патриоттық бастамасы еңбекшілердің қалың көпшілігі арасында қызу қолдаумен қарсы алынды делінген. Социалистік жарысқа өнеркәсіптің, транспорттың барлық саласының қызметшілері, ауыл шаруашылығының еңбекшілері ұштасуда. Өздерінің резервтерін есептей келіп, олар бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жөнінде нақтылы міндеттемелер алуда.

Бұл бастамаға зор маңыз бере отырып, КБ ОС Президиумы кәсіподақ ұйымдарына оны жұмысшылар мен қызметкерлерінің жалпы жыйналыстарында талқылауды, халық шаруашылығын онан әрі өркендету де және халықтың алға ұқатып арттыруда бұл патриоттық бастаманың зор маңызын кеңінен түсіндіруді ұсынды. Кәсіподақ комитеттері жұмысшыларды, мастерлерді және инженерлерді қатыстыра отырып, шаруашылық басшыларымен бірге еңбек өнімділігін арттыру және өнім шығаруды үздіксіз ұлғайту үшін қосымша резервтерді іздестіруге тиіс.

КБ ОС Президиумы орталық, республикалық, облыстық фабрика-завод комитеттері мен кәсіподақ советтерінің социалистік жарысқа басшылықты мықтап жақсартуды, еңбекшілерді еңбек өнімділігін онан әрі арттыруға, өнім сапасын жақсартуға, бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға ұйымдастыра отырып, барлық күшті бұқараны ұйымдастыруда жаңды практикалық жұмысқа жұмылдыруға міндеттеді. Өндіріс жаңашылдары мен рационализаторларының тәжірибелері мен жеңістерін үнемі қолдан және таратып отыру, бұл үшін еңбектің озат әдістерін тарату жөніндегі мектепті, жыйналысты және өндірістік кеңестерді пайдалану, таңдаулы жұмысшылардың, инженерлер мен техниктердің

КБ ОС Президиумында (1-бет).
В. М. Молотовтың жауабы (1-бет).
Мақта шаруашылығын онан әрі өркендету мәселелері жөніндегі кеңес (1-бет).
ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ: П. Шевченко. — Комсомолға басшылық жасау — партия ұйымының маңызды міндеті. К. Сулейменов. — Комсомол ұйымының жұмысы нашар. (2-бет).
Ө. Шалғынбаев. — Тұтынушылар кооперациясының жұмысына көбірек көңіл бөлінісін (2-бет).
С. Байшев. — Лениндік ұлы идеялардың сарқылмас қазнасы (2-3-беттер).
ТРАКТОРЛАР МЕН ҚОМБАЙНДАРДЫ ЖӨНДЕУДІҢ

ОЗАТ ӘДІСТЕРІН КЕҢІНЕН ҚОЛДАНАЙЫҚ: М. Гардберг. — Жөндеу жұмысына тораптық әдістердің жаңа түрін қолдану. С. Қаномов. — Машина-трактор парктерінде жөндеу жұмысының қарқыны баяу (3-бет).
А. Овчинников. — Мал фермаларындағы мәдени-бұқаралық жұмыстар. (3-бет).
Б. Қожахметов. — Тарандықтардың бастамасы бойынша (4-бет).
Ж. Темірбеков. Дәрігерлік көмекті жақсартамыз (4-бет).
Жаңа кітаптар (4-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

В. М. Молотов жолдастың „Правда“ тілшісінің сұрақтарына берген жауаптары

«Правданың» тілшісі ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов жолдасқа сыртқы саясатқа қатысы бар бірқатар сұрақтар қойды. Төменде В. М. Молотов жолдастың жауаптары жарияланып отыр.

Сұрақ. Европада коллективтік хауіпсіздік туралы мәселе жөнінде Жалпыевропалық Кеңес шақыру жайындағы Совет Үкметінің 13 ноябрьдегі нотасына шет елдерде білдірілген пікірлерді Сіз қалай деп бағалайсыз?

Жауап. Жұртқа мәлім. Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы мәселе жөнінде Жалпыевропалық Кеңес шақыру жайында Совет Үкметінің Польша және Чехословакия үкметтерімен бірлесіп жасаған ұсынысына бірқатар Европалық мемлекеттер өздерінің дұрыс қарайтынын кәзірдің өзінде білдірді. Басқа европалық мемлекеттер Кеңес туралы ұсынысқа өздерінің көзқарасын әзірге білдірген жоқ.

АКШ, Англия және Франция үкметтерінің позициясына келетін болсақ, бұлар совет нотасына әлі жауап берген жоқ. Бірақ, ресми адамдардың мәлімдемелеріне қарағанда, бұл елдердің үкметтері осы ұсынысқа теріс қарап отыр. Бұл елдердің үкметтері осы ұсынысқа қарсы шығуға әзірленіп қана қоймай, сонымен бірге Жалпыевропалық Кеңес шақыруға келергі келтіруге барынша тырысып отырған сияқты. Осы мақсатпен басқа европалық елдерге, олардың парламенттеріне, саяси партияларына, жеке қоғам қайрапкерлеріне күшті қысым жасалуда.

Жалпыевропалық Кеңес шақыру туралы ұсыныстың мәнісі Европадағы, тіпті Европаның тын жерлердегі қалың жұртшылық топтарына түсінікті екені бұған білдірілген пікірлерден көрініп отыр.

Бұл ұсыныс, әңгіме Европада бейбітшілікті қолдау және нығайту мүдделері туралы болып отырғанда, европалық бір елдерді европалық басқа елдерге қарама-қарсы қолға жол бермеуге бағытталған. Өрбір мемлекет өзінің пайырын айта алатын және Европадағы коллективтік хауіпсіздік туралы мәселе жөнінде ұсыныс енгізе алатын мұндай Жалпыевропалық Кеңес бірде-бір бейбітшілік мемлекетке нұқсан келтірмейді, қайта бейбітшілікті нығайтады, халықаралық шиеленісті бөснетуге көмектеседі және көмектесуге тиіс.

Елінің жағынан, мұндай Жалпыевропалық Кеңестен бастарту Европадағы бейбітшілік мүдделеріне нұқсан келтір-

жөнінде басқа державалармен келісуге мүмкіндік бар деп санай ма?

Жауап. Иә, мүмкіндік бар деп санайды. Егер барлық мүдделі державалар Германияның қай бөлегін болса да демилитарландыру емес, қайта Германияның бірлігін қалпына келтіруге басты және шұғыл міндет болып табылады дегенге келісетін болса, келісімге келу мүмкіндігі бар екендігі сөзсіз. Әлбетте, біріккен Германия милитаристік мемлекет болмауға тиіс. — Германия бейбітшілік және демократиялық мемлекет ретінде бірігуге тиіс. Мұндай жағдайда Германия тең праволы европалық халықтар семьясына қосылып, Европадағы коллективтік хауіпсіздік ұйымында өзінің маңызды орнын алады.

Бүгінгі күні мәселе былай болып отыр: Батыс Германия, Париж келісімдерінде көзделіп отырғанындай, милитаристік мемлекетке айналдырылатын бола ма, немесе Батыс Германияның, сондай-ақ бүкіл Германияның дамуы басқа жолмен, бейбітшілік жолымен алға басатын бола ма?

Батыс Германияны демилитарландыру Германияны ұлттық жағынан қайта біріктіру жолын бөгейді. Мұның керісінше, Батыс Германияны демилитарландырудан бастарту Германияны біртұтас мемлекет етіп қайта біріктіру туралы келісуге жол ашпайды. Бұл жағдайда дауысты жақсырып беріп және бүкіл Германия халқының демократиялық праволарын қамтамасыз ете отырып, жалпыгерманиялық еркін сайлау өткізу туралы келісімге жетуге мүмкіндік туған болар еді.

Мұнымен бірге, Совет Үкметі бұрынғысына былай деп санайды: оккупациялық әскерлерді Шығыс және Батыс Германия территориясынан Совет Үкметі ұсынғанындай тезінен акету Германияның екі бөлегін жақындастыруға және Германияның бірлігін қалпына келтіру міндетін шешуге едәуір дәрежеде көмектескен болар еді.

Сұрақ. Париж келісімдерін бекіту реттелмеген европалық проблемалар жөнінде батыс державаларының Совет Одағымен онан әрі келіссөздер жүргізуге келергі болмайды деушілігі Сіз қалай деп бағалайсыз?

Жауап. Былай деушілік жұртшылық пікірін адастыру әрекеті болып табылады.

(СОТА)

жұмыстардың оқуының барысымен таанысады. Мұның өзі аталған кәсіпорндардың басшыларының мұндай маңызды іс-іске көмекшілік қарағандықтарын көрсетеді.

Жұмысшылардың мектептерден қол үзбей оқуы оларға қажетті жағдайдың толық жасалуына тығыз байланысты. Демек, алдымен кешкі мектептерде оқытатын жұмысшы жастар жұмысқа орналастырылғанда олардың мектептерге үнемі барып оқып тұруына нұқсан келтірмеу жағы қарастырылуы керек. Сонымен бірге өнеркәсіп орындары мен мекеме басшылары, партия, кәсіподақ ұйымдары олардың тұрмыстық қажеттерін өтеуге арқашан қамқорлық жасап отыруға тиіс.

Өткен тоқсанда қаладағы кешкі мектептердің оқу қорытындысы қанағаттанарлық болмады. Бұған Персияков жолдас директор болып істейтін жұмысшы жас олар кешкі мектебін жұмысы айқын дәлел бола алады. Бұл мектепте жыл басынан бері 122 жұмысшы, оның ішінде тек қана VIII кластан 102 жұмысшы оқуды тастап кетті. Ал 193 жұмысшы тоқсандық қорытындыда өтілген пәндерден төмен баға алды. Осындай әрекет кәсіпшіліктердің орын алу себебі не?

Мұның себебі: мектеп директоры Персияков жолдас оқушылардың жұмыс істейтін орындарымен байланыс жасамады, олардың оқуға қатыса алмайтын себептерін ашуға, ол кәсіпшіліктерді жоюға назар аудармады. Оның үстіне бұл мектепте сабақ беретін оқытушылардың барлығы дерлік күндізгі мектептерде сабақ беретін оқытушылар болды. Сондықтан олар кешкі мектеп сабағына жақсы дайындала алмады. Ол-ол ма, шетел тілі пәнінен са-

Жендеу заводтарындағы жаңалық

Республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігінің жендеу-механикалық заводтарында осы маусымда шынжыр табан тракторлар өткен жылдан төрт есе көп жөнделуі керек. Дизель тракторларының жөнделетін двигателдерінің саны жегі есе көбейеді. Заводтарда бұрын көбінесе МТС мастерскойларында жөнделіп келген буынды валдарды, блок головкаларын, гильзаларды және басқа бөлшектерді бір орталықтан жаңарту быйыл тұңғыш рет кең көлемде ұйымдастырылады.

Заводтарда буынды валдарды электрометаллизациялау жолымен қалпына келтірудің прогресшіл әдісі жөнінен қолданылуда.

Жамбыл элеваторының құрылысында

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Жамбылда үлкен элеватор салынып жатыр. Оны салуға 10 миллион сом жұмсалды. Жаңа элеваторда барлық өндіріс процестері толығымен механизацияландырылады. Астықты автомашиналардан түсіруге және темір жол вагондарына тиетуге арналған техника әкелінуде. Лабораториялар, кешірту бөлімдері жетілдірілген жабдықтармен қарулан-дырылды.

және бұл қандай шаруа орындарының маңызды міндеттерінің бірі.

Жұмысшы жастардың кешкі мектептерінің жұмысын жақсарту мемлекеттік маңызды іс-іс дедік. Оның жұмысына үнемі көңіл бөліп, жас жұмысшылардың өндірістен қол үзбей білім алуына толық жағдай туғызу әрбір кәсіпорндары мен мекемелердің, партия, комсомол және кәсіподақ ұйымдарының маңызды міндеті болып табылады. Партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары мектептерде оқу-тәрбие жұмысының сапасын жақсарту үшін оның ісіне белсене араласып отырулары қажет.

Жақында ҚКЖО қалалық комитеті оқудан қол үзіп кеткен жастарды мектепке қайтадан тартып, олардың оқуына көмектесуге барыпталған шаралар белгіледі, оны жүзеге асыру бастады. Облысымыздың барлық комсомол ұйымдары бұл мәселеге үзбей көңіл бөлулері қажет.

Кәсіподақ ұйымдарының жергілікті және заводтық комитеттері жатақханаларда тұрып оқытатын жастардың сабаққа дайындалуы үшін арнаулы бөлшектердің болуын, олардың жабдықталуын, оқуға толық мүмкіншілік жасалуын қалағалап отыруға міндетті.

Бізге жастардың білім алуына қажетті жағдай толық. Жас жұмысшылардың әрқайсысы өз жұмысында үздік табыстарға жете отырып, орта және жоғары білім алуы үшін күш салулары керек. Ол үшін олар күнделікті сабақтарға қалмай қатысып, оқуды жақсы оқуға тиіс. Ал партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдары мектеп өнеркәсіп орындарының басшылары оларға барлық жағдайды жасай отырып, жас жұмысшылардың жүйелі білім алуларына жетісуге тиіс.

Электрометаллизациялау бөлімі Урал заводында құрылды. Алматының «20 лет Октября» заводы мен Қостанай облысындағы Тоғыз заводында ұйымдастырылып жатыр. Павлодардың «Октябрь» заводында трактордың тозған бөлшектеріне электр әдісімен хром жалатылып қолдырғы дайындалуда. Тағы екі заводта осындай қолдырғылар монтаждатылып болады.

Бірқатар заводтар дизель тракторларының тозған блок головкаларын балқытып пісірудің жаңа әдісін игерді.

(ҚазТАГ).

Құрылысшылардың арасында элеваторды 1955 жылғы егін орағы басталғанға дейін пайдалануға беру жолындағы социалистік жарыс кеңінен өрістеді. Н. Носулиннің бетоншылар бригадасы күн сайын сменалық тапсырманы 250-280 проценттен орындайды. Тәжірибелі мастер Ф. Овчаренко басқарған кірпіш қалаушылар бригадасы екі есе асыра орындап жүр

мәселелері жөніндегі кеңес

ТАШКЕНТ, 20 ноябрь. (СОТА). Бүгін мақта шаруашылығын оған әрі өркендету мәселелері жөніндегі кеңестің қорытынды мәжілісі болды.

Кеңеске қатысушылардың негізгі шаралары тойырақтың құнарлылығын арттыруға мүмкіндік беретін еңбек ұйымдастырудың озат әдістері мен тәсілдерін жыйнақтауға арналды. Тәжік ССР, Ленинабад ауданы, Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артелінің председатели Урунходжаев мақта шаруашылығының мәдениетін арттырудың мүмкіндіктері туралы айтты. Ворошилов атындағы ауылшаруашылық артелінің басқармасы тұрақты жұмыс істеуге мамандардың бір тобын шақырды. Көзір колхозда 15 агроном бар. Сол сыяқты, мұнда зоотехниктер, мал дәрігерлері, жерге орналастырушылар, энтомологтар еңбек етеді. Агрономиялық-химиялық лаборатория жасалды. Көптеген мақта өсірушілер ұшжылдық агротехникалық мектепті бітірді. Ауыл шаруашылығының мамандары биология ғылымының жетістіктерін және озаттардың тәжірибесін насихаттайды, жоғары өнім алуға жетісуге көмектеседі.

Жер суландыру мәселелерін шешетін ғылыми мекемелердің қызметшілеріне Түрікмен ССР, Буна-Ургеніш ауданы, «Большевик» ауылшаруашылық артелінің председатели Кокбаев жолдас әділ сын айтты: Өзі басқарып отырған колхоздың жетістіктері туралы әңгімелей келіп, Кокбаев жолдас, су жүйелерінде жұмыс істейтін ғалымдар мен қызметшілер сортаң жерлер мен томарлы жерлерді өңдеу жөнінде тез және дәлікті шаралар қолданған болса, мақта өсірушілер бұдан да үлкен нәтижелерге жетер еді.

Шешен түрікмен мақта өсірушілері мақта егудің шаршы-ұялы әдісін жөнінен енгізуге болады деп берік сөз береді және машина жасаушыларға —мақта шаруашылығын толық механикаландыру үшін агрегаттарды шығаруды тездетсе екен деген талап қояды деп мәлімдеді.

Сурхан-Дария облысы, Дөнау ауданы Ахунбаев атындағы колхоздың председатели Кельдиев жолдас артель мүшелерінің үстіндегі жылы 700 гектар мақтаның әрбір гектарынан 42 центнерден өнім алуға қалай жеткенінің жолдары туралы айтты.

Кеңестің қорытындысында қатысушылар қызу құттықтап қарсы алған СОБП Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. С. Хрущев жолдас ұзақ сөз сөйледі.

Кеңеске қатысушылар Өзбек, Тәжік, Түрікмен, Қырғыз, Қазақ, Азербайжан және Армян ССР-лерінің барлық колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне, совхоз МТС жұмысшыларына және ауыл шаруашылығы мамандарына үндеу қабылдады.



Москва. Совет Армиясы қатарынан запасқа қайтқан мыңдаған жауынгерлер тың және тыңайған жерлер игеріліп жатқан аудандарға баруға тілек білдірді. Олардың ішінде Кантемиров гвардиялық дивизиясының жауынгерлері бар. Бұл даңқты әскери бөлімнің солдаттары мен сержанттарының үлкен тобы Көкшетау облысының Чкалов ауданында «Кантемировец» жаңа астық совхозын ұйымдастыруға қатысады.

СУРЕТТЕ: ССРО Совхоздар министрлігінде. «Кантемировец» жаңа совхозының бас инженері В. Х. Комлев (ортада) жаңа совхозға жұмысқа баратын жауынгерлер тобымен әңгімелесіп тұр.

(СОТА-ның фотохроникасы).

Европалағы коллективтік хауісіздік туралы мәселе жөнінде Жалпыевропалық Кеңес шақыруға көмектесудің орнына, АҚШ-тың, Англияның және Францияның үкіметтері барлық амалды пайдаланып, мұндай кеңес шақыруға кедергі келтіруге және Париж келісімдерін неғұрлым тезірек бекітіруге тырысуда. Сөйтіп, олар Батыс Германияны ремилитарландыруды және оны «батысевропалық одақ» пен Солтүстік Атлантикалық блок сыяқты милитаристік топтарға енгізуді тездеткісі келеді.

Олар жарты миллион адамнан батыс-германиялық армия құру жоспары және ремилитарландырылған Батыс Германияны милитаристік топтарға енгізу Европадағы бейбітшілікке көмектесе аламы деген мәлімдемелер жасауда. Бұған ешкімнің де сенбейтініне тандануға бола ма? Мұның өзі бейбітшілікті қолдауға және нығайтуға жеткізетін жол емес қайта Европада жаңа соғыс әзірлеуге бастайтын жол екенін адамдардың басым көпшілігі көзірдің өзінде-ақ көріп отыр.

Демек істің жайы Батыс-Германияны ремилитарландыру және оны жоғарыда аталған батыс мемлекеттерінің милитаристік топтарына қатыстыру туралы Париж келісімдерін бекітуге және жүзеге асыруға келіп тірелетін болса, Европада соғыс хауісі күшейткендік болып табылатын жаңа жағдай туады. Мұндай жағдайда бейбітшілік европалық елдер өздерінің хауісіздігін қамтамасыз етудің жаңа шараларын ойластыруға тиіс болады. Жанталаса қарулануды күшейткендік үшін және Европаның халықтарына түсетін соғыс шығындарының ауыршаалығын арттырғандық үшін бүкіл жауапкершілік бүгінгі күні Европада коллективтік хауісіздік ұйымдастырудан бастартып, мұның орнына, герман милитаризмін оның кезкілдік жаңа соғыс жоспарларымен бірге қалпына келтіруді батысевропалық елдерге тықпалап отырғандарға жүктелетін болады.

Совет Одағына келетін болсақ, ол Париж келісімдерінің Европада жаңа соғыс әзірлеуге қызмет ететінін ескертуді қажет деп санайды. Бейбітшілікті нығайту мүдделеріне сай келетін бірден-бір дұрыс жол —Европада коллективтік хауісіздік ұйымдастыру жолы.

Сұрақ. Совет Үкметі герман мәселесі

Артиллерия күніне арналған салтанатты мәжіліс

Бүгін совет халқы совет артиллерияшыларының дәстүрлі мерекесін атап өтті. ССРО Қорғаныс министрлігі Москва қаласының партия, совет және қоғам ұйымдарымен бірге бұл күнді Артиллерия күнін мерекелеуге арналған салтанатты мәжіліспен атап өтті.

Совет Армиясының Орталық театрына ССРО Қорғаныс министрлігі Орталық басқармаларының және Москва гарнизоны бөлімдерінің маршалдары, генералдары, адмиралдары, офицерлері, партия, комсо-

лестің мәжіліс қатысушыларына және не шешілмеген европалық проблемаларды, соның ішінде, ең алдымен, герман проблемасын реттеудің көзірлі мүмкіндіктерін нашарлататынын көрмеуге болмайды.

Батыс Германияны ремилитарландыру және Германияны бейбітшілік, демократиялық негіздерде біріктіру бір-бірімен сыйыспайды. АҚШ, Англия және Франция Батыс Германияны ремилитарландыруды және соғыс топтарына қатыстыруды көздейтін саясаттарынан бастартып, бұған дейін жасалған халықаралық келісімдерде көзделген және Германияның бейбітшіліктен өркендеуін қамтамасыз ететін жолға қайта түскен күнде ғана Германияны біріктіру туралы келіссөздер жүргізудің мағамасы болады. Міне, бұдан Париж келісімдерін бекіту реттелмеген европалық проблемалар жөнінде батыс державаларының Совет Одағымен оған әрі келіссөздер жүргізуіне «кедергі болмайды-мыс» дейтін сылтаулардың құны қанша екені айқын көрінеді.

Сұрақ. Совет Одағының 29 ноябрьде Жалпыевропалық Кеңес шақыру туралы ұсынысы бұл Кеңесті әзірлеу үшін жеткілікті уақыт бермейді-мыс деген батыс елдерінің баспасөзінде басылған пікірлерді Сіз қалай деп бағалайсыз?

Жауап. Совет Үкметінің Жалпыевропалық Кеңес 29 ноябрьде шақырылсын деп ұсыныс енгізген себебі: Париж келісімдерін бекіту туралы мәселенің декабрьде қарала бастайтындығынан болды.

Мұнымен бірге мынаны еске салу қажет: Европада коллективтік хауісіздік системасын құру туралы Жалпыевропалық договордың жобасын Совет Үкметі Берлин кеңесінің өзінде-ақ енгізмі, бұл жоба бұдан тоғыз ай бұрын жарияланған болатын. Ал Европадағы коллективтік хауісіздік туралы мәселе жөнінде жалпыевропалық Кеңес өткізу жайындағы ұсынысты Совет Үкметінің бұдан төрт ай бұрын —23 июльде жасағаны жұртқа мәлім. Совет Үкметі соңғы нотасында бұл кеңесті шақырудың мерзімін ғана анықтап берді.

Әрине, өгер Париж келісімдерін бекіту туралы мәселені қарау кейінге қалдырылатын болса, Жалпыевропалық Кеңес шақырудың басқа мерзімі туралы да келісуге болар еді.

мол, совет және қоғам ұйымдарының өкілдері жыйналды.

Мәжіліске ССРО Одағы Қорғаныс Министрі Н. А. Булганин қатысты.

Артиллерия күні туралы артиллерия маршалы М. И. Неделин баяндама жасады.

Салтанатты мәжілістен кейін оған қатысушыларға Совет Армиясының Орталық театры «Киноланың арманы» деген спектакль қойып көрсетті.

(СОТА).

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

Комсомолға басшылық жасау—партия ұйымының маңызды міндеті

Көзір облыс жастарының өмірінде зор оқиға—бастауыш комсомол ұйымдарының есен беру-сайлау жыйналыстары өтіп жатыр. БЛКЖО мүшелері комсомол ұйымдарының жастарға коммунистік тәрбие беру, олардың шаруашылық және мәдени құрылыста белсенділіктерін арттыру жөніндегі жұмыстарына терең талдау жасап, бұл жөнінде нақтылы шаралар белгілеуде.

Партия ұйымдарының басшылығы арқасында комсомол ұйымдары өздерінің бүл жұмысының дәрежесін соңғы кезде біраз жақсартты. Комсомолдер мен жастардың өндірістік белсенділіктері барған сайын арта түсуде. Қала кәсіпорындарының жүздеген комсомолдері бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарыстың алдыңғы сатында келеді. Партияның шақыруы бойынша қала комсомол ұйымы 300-ге жуық комсомолдерді ауыл-селоға тұрақты жұмысқа жіберді. Сонымен қатар, ол селодағы мәдени-ағарту жұмыстарын жақсарту жөнінде елеулі көмек көрсетті.

Колхоз, совхоз және МТС комсомол ұйымдары комсомолдер мен жастарды ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету күресіне белсене жұмылдырып отыр. Үстіміздегі жылы тек бір ғана Ленин ауданында тың және тыңайған жерлері игеру үшін 22 комсомол-жастар трактор бригадасы ұйымдастырылды. Олардың басым көпшілігі тың көтеру жөніндегі жоспарды артығымен орындады. Образцовый МТС-нің Попов жолдас басқарған трактор бригадасының мүшелері тракторлардың жылдық жұмыс жоспарын ауданда бірінші болып, октябрь айында орындады. Бұл ауданда 200-ден астам комсомолдер мал шаруашылығында жұмыс істейді. Басқа аудандардың комсомолдерінің ірілікті жұмыстары жөнінде де осыны айтуға болады.

Сонымен қатар есен беру-сайлау жыйналыстарында комсомол ұйымдарының жұмысында әлі де болса орын алып отырған елеулі кемшіліктер атап көрсетілуде. Ол кемшіліктердің бірі сол—село комсомол ұйымдарының қатары алдыңғы қатарлы колхозшы жастар есебінен мүлдем қанағаттанғысыз өсіп отыр. 1954 жылы облыс бойынша алдыңғы қатарлы колхозшы жастардың БЛКЖО мүшелігіне небары 370-ақ адам қабылданды. Бұл үстіміздегі жылы комсомол қатарына қабылданған жастардың 11 проценті ғана болып табылады.

Ал Бұлаев, Мамлют, Преснов аудандарында комсомол қатарына қабылданған колхозшы жастардың саны 10—15 адамнан аспайды. Үстіміздегі жылы колхоздардың бастауыш комсомол ұйымдарының тең жартысы өспеді. Көп жерлерде жастар арасындағы тәрбие жұмысының дәрежесі бүгінгі күннің талаптарынан кейін қалып отыр. Мұның өзі бастауыш

комсомол ұйымдары мен аудандық комсомол комитеттерінің одақта жоқ колхозшы жастар арасында жұмысты жеткіліксіз ұйымдастырғанын дәлелдейді.

Қала өнеркәсіп орындарының, Совет астық совхозының комсомолдері есен беру-сайлау жыйналыстарында бастауыш комсомол ұйымдарымен байланысты өткізілетін үшін, өндірістік мәселелерді шешуге, жастардың тұрмыстық жағдайларына жете назар аудармағаны үшін қалалық және Бұлаев аудандық комсомол комитеттерін орындау сынады. Есен беру-сайлау жыйналыстарында 19 комсомол ұйымының секретарьлары мен бюросының жұмысына қанағаттанғысыз деген баға берілді. Олардың ішінде Ленин ауданындағы «Новая жизнь», «Семеновед» колхоздары, қаладағы былғары заводы комсомол ұйымдары бар.

Атап айта кету қажет, комсомол ұйымдарының есен беру-сайлау жыйналыстары барлық жерлерде ұйымшылдықпен өтіп жатыр деп тіпті де айта алмаймыз. Өйткені, бірқатар жерлерде, әсіресе қала комсомол ұйымдарында жыйналыстардың белгіленген мерзімде өтуеуі, комсомолдердің толық қатынауы сыяқты фактілер жиі кездеседі. БЛКЖО қалалық комитеті оның секретары Шәкіров жолдас есен беру-сайлау жыйналыстарын өткізу мерзімінде бастауыш комсомол ұйымдарының секретарьлары мен әулі бұрын келіспеген. Осының салдарынан қалалық комитет бастауыш ұйымдарының есен беру-сайлау жыйналыстарының барысына бақылау және басшылық жасай алмай отыр.

Бірқатар комсомол ұйымдарының жұмысының дәрежесі төмен болуына бастауыш партия ұйымдары мен партия комитеттері кінолі екенін айта кету керек. Мәселен, Совет ауданы. «Борьба за коммунизм» ауылшаруашылық артелінің комсомол ұйымында соңғы алты айда бері бірде-бір рет комсомол жыйналысы шақырылып, онда ұйымның түбірлі мәселелері талқыланбады. Солай бола тұрса да, колхоз партия ұйымы комсомол ұйымының жұмысындағы кемшіліктерге тәзіп келді. Бұл колхозда аудандық комсомол комитеті мен аудандық партия комитетінің қызметкерлері жиі болады. Бірақ, не пайда, олар комсомол ұйымының жұмысын жақсарту жөнінде ешбір шара қолданбай келген.

Мұндай фактілер басқа жерлерде де жоқ емес. ККП Приешім, Мамлют, Преснов аудандық комитеттері үстіміздегі жылы комсомол ұйымдарының жұмысын жақсарту жөнінде өздерінің бюро мәжілістері мен пленумдарында бірде-бір мәселе талқыламады. Олай болса, аталған аудандық партия комитеттерінің комсомол ұйымдарына басшылығы жөнінде қандай әңгіме болуы мүмкін.

Комсомол ұйымдарына партия басшы-

лығы әлсіретуге тіпті де болмайды. Өйткені комсомол ұйымдарының жұмысы партия ұйымдарының тарапынан бақылау мен басшылықты талап етеді. Көзір өтіп жатқан аудандық партия конференцияларында бастауыш партия ұйымдары мен аудандық партия комитеттерінің комсомол ұйымдарына басшылық жасау ісінде орын алған кемшіліктерін батыл ашып, ол кемшіліктерді жою жөнінде нақтылы шаралар белгілеуі қажет.

Комсомол ұйымдарының назарын шаруашылық және мәдени тұрмыс саласындағы міндеттерді шешу мәселесіне көңіл аудару керек. Бұл үшін комсомол комитеттерінің жұмыс стилін жақсартып, басшы комсомол қызметкерлерінің бастауыш ұйымдардың жұмысына жаңды көмек көрсетуіне жетісу қажет. Аудандық комсомол комитеттерінің МТС аймақтары жөніндегі нұсқаушылары село комсомол ұйымдарына жастардың өндірістік белсенділіктерін арттыру, олардың тұрмыстық жағдайларын жақсарту және басқа осы сыяқты мәселелерді шешуге нақтылы көмек көрсететін болулары керек.

Жастар арасында лекциялық насихатты жақсарту, комсомол ұйымдарының бірінші дәрежелі міндеті болып табылады. Партия ұйымдары бұл жөнінде комсомол ұйымдарына арқашан көмекке келіп отырмау тиіс. Сонымен қатар комсомолдердің саяси оқуын ұйымдастыру, олардың мәдени қажетін өтеу мәселелеріне үнемі назар аударып отыру керек.

Жуырда аудандық, қалалық комсомол конференциялары өтеді. Аудандық, қалалық партия комитеттері комсомол конференциясына дайындық және оны өткізу жөнінде комсомол комитеттеріне нақтылы көмек көрсетуге тиіс. Аудандық, қалалық комсомол комитеттерінің есенді баяндамаларында жұмыста орын алған кемшіліктерге басқа назар аударылып, ол кемшіліктерді жоюдың жолдары белгіленуі керек. Комсомол комитеттерінің құрамына комсомол жұмысында тәжірибелері мол, инициативті жастардың сайлануына жетісу қажет.

Комсомол конференцияларында бастауыш комсомол ұйымдарын, аудандық, қалалық комсомол комитеттерінің жұмысын жақсарту, әсіресе жастарға саяси-тәрбие беру, комсомолдердің өндірісте авангардтық ролдерін арттыру мәселелері көңілінен орын алуға тиіс.

Комсомол ұйымдарының бүкіл жұмысына партия басшылығын жақсартып, олардың саяси-шаруашылық міндеттерді шешуде партия ұйымдарының жауынгер көмегінің болуына жетісе берейік. Партия ұйымдарының бүгін таңдағы маңызды міндеттерінің бірі, міне, осы болып табылады.

П. ШЕВЧЕНКО,

ҚКП облыстық комитетінің нұсқаушысы.



Ақтөбе облысы, Мартөк ауданының Буденный атындағы колхозында мал қыстауға әзірлік ойдағыдай аяқталды. Барлық мал қоралары жылытылған, электрлендірілген; жемшоптің екпінділік қоры жасалған. Көзір жөндеу мен қосымша автоматты суарғыш установка қою, құдық қазу жұмыстары аяқталуда.

СУРЕТТЕ: машинист С. Киршов басқаратын құдық қазғышпен құдық қазу жұмысы жүргізілуде.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Мәсквалықтардың шақыруымен

ШЫМКЕНТ. (ҚазТАГ). Мәсквалықтардың шақыруына нақтылы іспен жауап бере отырып, Оңтүстік Қазақстанның өнеркәсіп орындарының коллективтері бесінші бесжылдықтың ташеърмаларын мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарысты өрістетуде.

Шымкенттің пресс-автоматтар заводының қызметкерлері быйылғы жылдың жоспарын 21 декабрьге, ал бесжылдықтың бесінші жылының жоспарын мерзімінен бір ай бұрын орындаудың мүмкіндігін тапты. Алтыншы механикалық цехта технологиялық тасқынды линия жасалуда. Күю цехында қалып құюға арналған құмды механикаландырылған әдіспен беріп, одан қалып құйып шығаратын жабық монтаждалуда.

ҚЫСҚЫ МАУСЫМҒА АРНАЛҒАН АЯҚНИМ

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Қарағандының аяққим фабрикасы қысқы маусымға арналған аяққимнің жаңа модельдерін тігуді игерді. Бұл модельдердің авторы — быйылғы жылы өліміздің таңдаулы аяққим фабрикаларында болған ең қарт модельші Я. Костеренко.

Қайырма былғары қонышы бар жылы ботинкаларды, сол сыяқты әйелдердің туфилерін сатып алушылар жоғары бағалады. Мектеп оқушыларының қойышына мех ұсталған жылы ботинкалары тігіле бастады.

Тұтынушылар кооперациясының жұмысына көбірек көңіл бөлінсін

Еңбекшілерді халық тұтыныатын барлық товарлармен қамтуды мейлінше жақсарту жөнінде партиямыз беп үкметіміз алға қойған міндеттерді орындай отырып, ауданымыздың тұтынушылар кооперациясының қызметкерлері товар айналымын тездету, көпшілікті тамақтандыру орындары мен сауда жүйелерін кеңейту жөніндегі жоспарды орындауда едәуір табыстарға ие болды.

Үстіміздегі жылдың тоғыз айы ішінде бөлшек товар айналымының жоспары 117 процент, көпшілікті тамақтандыру орындары бойынша жоспар 116,1 процент орындалды. Ивановка, Власов селолық тұтынушылар қоғамдары және аудандық тұтынушылар одағының шайхана-еңбекшілерді қамтуды, товарларды халыққа тез жеткізуді ұйымдастыра, сол сыяқты шайханада тағамдардың сапасы мен ассортиментін жақсарты отырып, жылдық жоспарды 1 ноябрьге асыра орындап шықты.

Товарларды жергілікті жерлерге жеткізіп сату ісі де едәуір жақсартылды. Быйылғы жылы жылжымалы автомашинаға орнатылған бір дүкен, жергілікті жерге товар алып баратын 32 дүкен ұйымдастырылды. Егер өткен жылы мұндай дүкендер дала, трактор бригадаларына, мал жайылымдарына товар алып барып сатуы 15 рет ұйымдастырса, быйыл 125 рет барып өнеркәсіп және азық-түлік товарларын сатты. Соның нәтижесінде быйыл товар айналымы 41,7 процент артты. Аудан еңбекшілеріне өткен жылғы 9 ай ішінде сатылғандарыдан 7 миллион 381 мың сомның товары артық сатылды, қор жыйнау жоспары 123 процент орындалды және 158 мың сом кіріс артық алынды.

Григорьевск, Аралағаш, Ивановка ауыл-селолық Советтері селолық тұтынушылар қоғамдарының, селолық магазиндердің және дүкендердің жұмысын үнемі бақылап, Совет атқомдарының мәжілістерінде товар айналымы жоспарының орындалуы жайында жиі-жиі мәселелер қарап, сауда орындары қызметкерлеріне, селолық тұтынушылар қоғамдарының басқармаларына деркесінде нақтылы көмек көрсетіп отырады. Осының нәтижесінде аталған ауылдық-селолық Советтерде сауда мәдениеті артып, товар сату ісі жақсартуға түсті.

Аудандық тұтынушылар одағы, селолық тұтынушылар қоғамдары және совхоздардың жұмысын кооперациялары ауылшаруашылық өнімдері мен шикізат сатып алуды ұйымдастыру ісіне басшылықты едәуір жақсартты. Үстіміздегі жылы колхозшылар мен колхоздардан 40.500 пұт астық сатып алынды, ал өткен жылы осы уақыт ішінде небары 10.500 пұт астық сатып алынған болатын. Сол сыяқты 300 центнер ет, 1380 центнер сүт, 400 мың дана жұмыртқа сатып алынды. Тұтас алғанда колхоздар мен колхозшылар быйыл мемлекетке өшкен жылғыдан 797 мың сомның ауылшаруашылық өнімдерін артық сатты.

Көптеген селолық тұтынушылар одақтары мен жұмысшылар кооперациялары өздерінің қаржы айналымын орындау мәселесімен жеткіліксіз шұғылданады. Соның салдарынан 9 ай ішінде мұшәлік жарна жыйнау жоспары небары 36 процент қана орындалды. Әсіресе, Астрахан селолық тұтынушылар қоғамы (председателі Ахманбаев жолдас), Ивановка селолық тұтынушылар қоғамы (председателі Долгошев жолдас) және Қызыл совхозы жұмысшылар кооперациясы (председателі Ложников жолдас) өздеріне қор жыйнау және жаңадан мүшелер тарту ісімен мүлде жеткіліксіз шұғылданды, сойтіп қор жыйнау жоспарын 2—10 процент қана орындап, жаңадан бірде-бір мүше тартпады. Соның салдарынан соңғы 9 ай ішінде өткен жылмен салыстырғанда, аудандық тұтынушылар одағы бойынша жарна қаржысын жыйнау 3 мың сомға кеміп кетті.

Аудандық тұтынушылар одағының, селолық тұтынушылар қоғамының және совхоз кооперациясы басқармаларының жұмысындағы негізгі кемшілік, олар үнем тәртібін нығайту арқылы айналым қаржысының артық жұмсалуды жеміту, шаруашылық есепті нығайту, әкімшілік-шаруашылық шығындарды қысқарту үшін күресті әлі де күшейте алмай келеді. Мұның өзі аудандық тұтынушылар одағы бойынша 375 мың сом қаржыны артық жұмсалудына әкеліп соғып отыр.

Міне, мұның барлығы аудандық тұтынушылар одағы басқармасының, көптеген ауыл-селолық тұтынушылар қоғамдарының және аудандық сауда бөлімінің, оның меңгерушісі Назаров жолдасының сауда орындары басшыларының жұмысын үнемі бақылап, оларға тиісті көмек көрсетіп отырмауларынан.

Аудандарға товар босатуда облыстық тұтынушылар одағының жұмысындағы кемшіліктерді де айта кеткен жөн. Аудандық тұтынушылар одағы көп реттерде облыстық тұтынушылар одағы бөлген товарларды Смирновқа теміржолмен жеткізу орнына автомобиль транспортымен тасып алуға мәжбүр болып жүр. Өйткені, облыстық тұтынушылар одағы өзінің қоймаларында бар, еңбекшілерді өкі тоқсан бойына қамтуға жеткілікті мөлшерде теміржол арқылы тасып алып аудандық тұтынушылар одағының қоймасында сақтауға болатын товарлардың өзін дұрыс босатпайды.

Аудан еңбекшілерінің піскен нанмен қамтамасыз етілуі үшін деркесінде мол жеткілікті тұруына байланысты. Алайда облыстық тұтынушылар одағы, облыстық сауда мекемесі мен облыстық «Заготзерно» мекемесі ауданға ұнды, жармамен деркесінде жеткізіп отырмайды. Басқа товарлар сыяқты үн мен жарма да бір айға жететіндей етіп қана босатылады. Ал шындығында үн мен жармаға тарып пен қорды бір-екі тоқсанға тұтас беріп, оларды «Заготзерно» қоймаларына тасып үйсе, сойтіп оны жергілікті жерде жұмсау қорын тағайындаса, мұның өзі аудан еңбекшілерін піскен нанмен тындырады.

КОМСОМОЛ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ НАШАР

Октябрь ауданы «Заря коммунизма» колхозының бастауыш комсомол ұйымында елуір комсомол жастар бар. Бірақ ұйымда ешқандай жұмыс істемейді. Кейбір комсомол мүшелері секретарьдың кім екенін және оның не істейтінін де білмейді. Жыл басында ұйым секретарлығына селолық совет аткомының қатшысы Сухов жолдас сайланды. Сухов жолдас ұйым жұмысын бюро мүшесі Самойленкоға тапсырып, май айында оқуға жетті. Ал, Самойленко күні бүгінге дейін комсомол жастар арасында ешқандай жұмыс жүргізбей отыр.

Ол колхозда дәрігер болып істейді. Комсомол жұмысын былай қойғанда, өзінің атқаратын міндетіне де жауапсыз қарайды. Ауруларды емдеу, оқушыларға дәрігерлік көмек көрсету сияқты жұмыстардан ешнәрсе істеген жоқ. Жыл басында Сухов жолдасын екі рет өткізген комсомол жыйналысынан кейін бірде-бір рет жыйналыс болмады. Колхоздағы комсомол жастар арасында ешқандай саяси оқу, тәрбие жұмыстары жүргізілмейді.

Колхоздың түрлі шаруашылық салаларында істеп жүрген таңдаулы комсомол жастар аз емес. Мәселен, Раббасов, 35-

шев, Рахимберлин сияқты үлгілі комсомолгерлер еңбек майданындағы озат жастар болып есептеледі. Ал осындай алдыңғы қатарлы жастарды тәрбиелеп, партия қатарына ұсынуға болар еді. Бірақ ол істелмей отыр.

Ұйымдағы жұмыстың нашарлығы, тіпті ешнәрсе істелмей отырғаны аудандық комсомол комитетіне де, колхоздың бастауыш партия ұйымына да әбден белгілі. Алайда, ол ұйымдар күні бүгінге дейін ешқандай басшылық жасамай отыр.

К. СҮЛЕЙМЕНОВ.

ӘРБІР ҮШІНШІ ЖҰМЫСШЫ — РАЦИОНАЛИЗАТОР

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Жамбыл қант комбинатында слесарьлар Шматков пен Степановтың чертеждері бойынша булау станциясының тораптары жаңартылды. Бөзир қыздыру алаңы 20 процент ұлғайды. Мұның есебінен қосымша 800 центнер қант өндірілді.

Бөзир комбинатта әрбір үшінші жұмысшы — рационализатор. Олардың жемісті жұмыс істеуі бесінші бесжылдық жылдары ішінде алты миллион сомға жуық мемлекет қаржысын үнемдеуге мүмкіндік берді.

ддық тұтынушылар одағының, селолық тұтынушылар қоғамдарының, совхоз жұмысшылар кооперацияларының жұмысында сауда жұмысын оған әрі өркендетуге және еңбекшілерді қамтуды жақсартуға бөгет жасайтын елеулі кемшіліктер де жоқ емес.

Ауданның көпшілікті тамақтандыру орындары еңбекшілердің өскелең тілегінен артта қалып келеді. Власов селолық тұтынушылар одағының және совхоз жұмысшылар кооперациясының асханаларында дайындалатын тағамдар көп реттерде бір түрлі және сапасы төмен болды, асханаларда жақсы ыдыс-аяқтар жеткіліксіз.

қалғанын етіп отырды әлде қайда жақсартқан болар еді.

Тағудағы бөліктер ішінде мемлекеттік, кооперативтік және колхоз саудасын игуігіл өрістету партия, совет органдарының басты міндеттерінің бірі болып саналады. Олай болса еңбекшілер депутаттарының ауыл-селолық Советтері, бастауыш партия ұйымдары, МТС, совхоз басшылары сауда орындарының жұмысын күнбе-күн бақылап отыруға, товарларды еңбекшілерге жеткізіп отыруға міндетті.

В. ШАЛҒЫНБАЕВ,
Еңбекшілер депутаттары Совет аудандық Совет атқомі председателінің орынбасары.

Лениндік ұлы идеялардың сарқылмас қазнасы

Совет Одағының Коммунистік партиясының негізін салушы, халықаралық революциялық жұмысшы қозғалысының көсемі, революциялық маркстік-лениндік ғылымның зоридейі, адамзаттың асқан дана ақыл иесі В. И. Лениннің Шығармаларын қазақ тіліне аударып, басып шығару жұмысы республикамызда жақында аяқталды. В. И. Ленин Шығармаларының барлық 35 томы түгелдей қазақ тіліне аударылып, 1 миллион 64 мың дана болып басылып шықты.

Мұның өзі Қазақстанның Коммунистік партиясының, бүкіл қазақ халқының идеялық өміріндегі аса зор оқиға. В. И. Ленин Шығармаларын қазақ тіліне аударып, басып шығару — нағыз тарихи нәрсе, қазақ халқының түрі ұлттық және мазмұны социалистік мәдениетінің дамып, гүлденуінің айқын белгісі. Бұл — үлкен жеңіс, мұның өзі Қазақстанның барлық коммунистері мен еңбекшілерін шексіз қуантатын, біздің көсеміміз және ұстазымыз В. И. Лениннің ісі үшін күресте жаңа табыстарға рухтандыратын өнегелі іс.

В. И. Лениннің еңбектері — жеңілмас ұлы идеялардың сарқылмас қазнасы. В. И. Ленин Шығармаларының 35 томында оның 2927 еңбегі — негізгі, аса көлемді еңбектері мен мақалалары, баяндамалары мен сөздері, хаттары мен телеграммалары, сан-алуан теориялық және практикалық жұмыс үстінде жасалған жобалары мен жоспарлары бар. Бұлардың ішінен 2588 еңбек қазақ тілінде бірінші рет басылып отыр.

В. И. Ленин Шығармаларының 35 томындағы материалдардың бәрі хронологиялық тәртіпте орналастырылған. В. И. Ленин Шығармаларының алғашқы 17 томына оның 1893—1912 жылдары, біздің Коммунистік партияны құру жолында күрес жүргізіліп жатқан кезде жазылған еңбектері енген; 18—26 томдары 1912—1917 жылдарда, біздің Коммунистік партияның пролетариат диктатурасы үшін күрес жүргізілген дәуірде жасалған еңбектері қамтылды; 27—33 томдары 1918—1923 жылдары, біздің партияның өкмет басқару ісіне араласып, Совет мемле-

В. И. Ленин Шығармаларының қазақша бірінші басылып шығуына

★
кетін жасау және нығайту жолында күрес жүргізген уақытта жазылған материалдарға арналған; ал 34—35 томдары В. И. Лениннің 1895—1922 жылдары хазған хаттарынан құрастырылған.

В. И. Лениннің бұл еңбектерінде Коммунистік партияның елімізде социалистік революцияны өзірлеу және өткізу жолында жүргізген, пролетариат диктатурасын орнату және нығайту үшін, Совет мемлекетін берік ету және социалистік экономиканың негізін қалау жолында жүргізген күресінің аса мол тарихи тәжірибесі қорытылған. Бұлармен қатар бұл шығармаларда В. И. Лениннің еңбекшілерге әлеуметтік және ұлттық азаттық өнеру жөнінде Коммунистік партияны құру және нығайту жөнінде, маркстік революциялық теорияны дамыту және оның қорын молайта беру жөнінде тынбастан істеген аса зор қызметі барынша жете бейнеленген.

В. И. Ленин өзінің данышпандық шығармаларымен тұтас және іргелі ілім — ленинизм жасады, бұл ілім адамзат тарихында, бүкіл дүние жүзі еңбекшілерінің революциялық азаттық қозғалысының тарихында жаңа заман ашты, маркстік ілімнің арнасына сарқылмас идеялық үлес қосты. Өз еңбектерінде В. И. Ленин, қоғамдық дамудың жалпы заңдарын жаңа тарихи жағдайларда, империализм жағдайында, терең зерттеу және талдау арқылы марксизмді дамытты, жаңа, жоғарғы сағына көтерді, оны қоғам мен табиғаттың дамуы туралы жаңалықтармен, теориялық қағыйдалармен және қорытындылармен байырты. В. И. Ленин шығармаларында диалектикалық және тарихи материализмнің, саяси экономияның және ғылыми коммунизмнің — маркстік-лениндік ғылымның бұл аса маңызды құрамды бөлімдерінің түбірлі-түбірлі мәселелері терең талданып, творчестволықпен дамытылған.

В. И. Ленин марксизм тарихында тұң-

ғыш рет жаңа типті партия — жұмысшы табының партиясы туралы ілім жасады, бұл ілім бойынша біздің даңқты Коммунистік партия — советтік қоғамның кәсіргі жетекші және бастаушы күші — құрылып, дамып, құрылтай шынықты. Біздің еліміздің халықтары, Ленин айтқандай, Коммунистік партияны заманымыздың ақыл-ойы, ар-намысы және ар-ожданы деп біледі. Жаңа типті партия туралы лениндік ілімді шетелдердің барлық коммунистік және жұмысшы партиялары өз ісінде, өз жұрылысында басшылыққа алады.

В. И. Ленин өзінің даналығымен социалистік революцияның теориясын жасады, бұл теория бойынша біздің елімізде Октябрь революциясы жасалды. Бұл лениндік данышпандық теория бойынша Европа мен Азияның халықтық демократия елдерінде де революция іс жүзіне асты. Лениндік бұл теорияны басшылыққа ала отырып, дүние жүзінде 900 миллионнан аса адам көзінді өзінде-ақ социализмнің жеңілмас туы астына берік тұрды, олар жаңа, социалистік дүниені тұңғыш, даңқты жасаушылар болып табылады.

В. И. Ленин өз еңбектерінде тұңғыш рет империализмнің теориясын жасады, империализмнің сөзсіз шүйреитіндігін ғылым түрде дәлелдеді және осыған сүйене отырып, бір елде социализм жеңісінің мүмкіндігі туралы аса зор жаңалық ашты. Бұл жөнінде В. И. Ленин 1915 жылдың өзінде-ақ былай деп жазды:

«Экономикалық және саяси дамудың өркенділігі — капитализмнің сөзсіз заңы. Олай болса, социализмнің әуелі бірнеше елде немесе тіпті, жеке алынған, бір капиталистік елде жеңуі мүмкін. Бұл елдің жеңіп шыққан пролетариаты, капиталистерді экспроприациялап және өз елінде социалистік өндіріс ұйымдастырып, қалған капиталистік дүниеге қарсы тұра бей» (Шығармалар, 21 том, 347-бет).

Лениндік бұл қағыйданың түгелдей өзін-өзі ақтарғаны, Ленин бұдан қырық жылдай бұрын көрген мүмкіншілік нақты іске айналғандығын және күннен күнге айналып келе жатқанын, социализм нақты фактіге айналып, жер жүзінде миллиондаған адамдардың өміріне түпкілікті

еніп отырғанын енді бұл дүниеде кім білмейді.

В. И. Ленин өз шығармаларында социализмнің объективтік экономикалық заңдарын да ғылыми жағынан әбден терең талдады, бұл заңдарға біздің Коммунистік партия мен Совет мемлекеті коммунистік құрылысқа басшылық ету жөніндегі өз ісінде ылығы сүйенді және сүйеніп отырады.

В. И. Ленин еңбектерінде қоғамдық дамудың нағыз маңызды және сәнсыз көп проблемалары баяндалған. Бұл еңбектерден прогрестік адамзат қоғамдық дамудың барлық мәселелеріне — XIX және XX-ғасырлардың түйісінде дүниежүзілік тарих көтерген мәселелерге жауап табады. Өйткені бұл жарты ғасырдан астам дәуірдің өн бойында қоғамдық өмірдің бірде-бір ірі елеулі мәселесі, революциялық ғылым мен практиканың бірде-бір күрделі мәселесі В. И. Лениннің назарынан сырт қалған емес.

Міне сондықтан да Ленин ілімі — ленинизм — орыс мәдениеті мен дүниежүзілік мәдениеттің ең жоғарғы табысы адамның творчестволық ойының шыңы, дүниені еңбекші бұқараның мүдделеріне сөйкес өзгертуге қаблетті аса қуатты күш. Міне сондықтан да бүкіл прогрестік адамзат үшін Ленин есімі ту болып табылады, ал Лениннің ілімін — ленинизмді жер жүзінде азат және бақытты өмір сүру жолындағы күресте жүздеген миллион еңбекшілер басшылыққа алады.

Ғылыми коммунизмнің көмеңгер ұстазы К. Маркс өткен ғасырдың ортасында-ақ теория бұқараның игілігі болып алысымен-ақ материалдық күшке айналады деген ережені ұсынған еді. Бұл ереженің дұрыстығы мен даналығы марксизм-ленинизм тарихының өнбойында ылығы дәлелденіп келеді. Біздің барлық совет адамдары және Европа мен Азиядағы барлық халықтық-демократия елдерінің еңбекшілері көзір мыналарға айнақ бола алады: лениндік барлық ұлы идеялар халық бұқараның санасына еніп, игілігі болып, дүниені өзгертуші, жаңалаушы қуатты, материалдық күшке айналды және айналып келеді.

Лениндік шығармаларда, қоғамдық өмірдің басқа да күрделі проблемаларымен қатар, әсерсе мен және әржақты түрде

ұлт мәселесі — дүниежүзілік тарихтың аса қыйын мәселелерінің бірі талданаан. Жұмысшы табының және оның партиясының ұлт мәселесі жөніндегі программасын негіздей келіп, В. И. Ленин былай деп көрсетті:

«Ескі дүниеге, ұлттық езін-жанну, ұлттық өшпенділік немесе ұлттық оқшаулану дүниесіне, жұмысшылар барлық ұлттар еңбекшілері бірлігінің жаңа дүниесін, ешбір артықшылыққа, адамды адамның ешқандай өзінге орын жоқ дүниені қарама-қарсы қояды» (Шығармалар, 19 том, 75-бет).

«Біз, — депті Ленин екінші бір еңбегінде, — ұлттардың ерікті одағы болуын, — бір ұлттың екінші ұлтқа зорлық жасауына жол бермейтін одақ болуын, — толық сенімге, туысқандық бірлігі айқын ту сіңгендікке, толық ерікті ынтымаққа негізделген одақ болуын тілейміз» (Шығармалар, 30 том, 287-бет).

В. И. Ленин өзінің осы және басқа да данышпандық қағыйдаларымен ұлт мәселесі жөнінде аса терең ғылыми теория мен программа жасады. Лениндік осы нұсқауларға сүйене отырып, біздің Коммунистік партия елде ұлт мәселесін барынша шебер, барынша данышпандықпен шешті: барлық халықтар тең праволы болды, халықтар достығының, туысқандық бірігуі мен ынтымақтаушының лениндік идеясы, пролетарлық интернационализмнің лениндік идеясы қоғамдық өмірдің барлық салаларында да салтанат құрды. Бұл ұлы жеңістің жемістері Совет Одағының барлық ұлт республикаларында, соның ішінде біздің Қазақстанда да айқын көрінеді. Мұнда бұрынғы ұлттық езу, ұлт араздығы мен бір-біріне сенбеушілігі мәңгі-бақыт жойылды. Қазақ халқы Совет Одағының ұлы достығы жарасқан семьясы — 60-тан аса ұлт, ұлттық топтар мен халықтар кіріп отырған семьясы — қатарын да тең правода еркін өмір сүріп отыр. Ал барлық бұл халықтардың достығы біздің көп ұлтты социалистік мемлекет күшінің қуатты тірегі, біздің совет қоғамы дамуының маңызды қозғаушы күші болып табылады.

Бұрын артта қалған халықтарды социализмге тарту туралы ұлы идеяны да тұңғыш рет көтерген В. И. Ленин. Оның бұл жөніндегі классиктік ережесі былай дейді:

«...Артта қалған елдер алдыңғы қатарлы елдердің пролетариатының көмегімен дамудың капиталистік сағысына соқпай өтіп, советтік құрылысқа және дамудың белгілі сағытары арқылы коммунизмге өте алады» (Шығармалар, 31 том, 243—244-беттер).

Мұның өзі маркстік-лениндік ғылымның тарихында аса маңызды жаңалық болды. Лениндік бұл қағыйданы іс жүзіне асыру ісі Шығыстағы бұрын артта қалған халықтардың дамуында нағыз тарихи жеңістерге жеткізді. Мысалы, Шығыстағы бұрын сол артта қалған халықтардың бірі — қазақ халқы алдыңғы қатарлы орыс пролетариатының тікелей жәрдемімен, Коммунистік партияның дана басшылығымен өзінің қоғамдық дамуында капиталистік азатты жолды аттап өтіп, феодализмнен тура социализмге өтті. Осындай аса зор саналы сөкпрудің нәтижесінде қазақ халқы өз жерінде ең алдыңғы қатарлы советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылыс орнатып, нығайтты, өзінің жаңа, азат өмірінің шын қожасы болды, социализм орнатты, сойтіп енді социализмнен коммунизмге қарай алып адыммен ілгері басып келеді.

В. И. Ленин еңбектерінде еліміз өндіргіш күштерін өржақты дамыту мәселелері, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын социалистік негізде — коммунистік қоғам орнатудың қажетті шарты ретінде — қайта құрудың жолдары айрықша орын алады. В. И. Лениннің 1917—1923 жылдар дәуірінде жазылған еңбектерінде елдің техника-экономика жағынан артта қалғандығын мейлінше қысқа мерзімде жолдың қажеттігі, елімізді социалистік жолмен индустрияландырудың ауыл шаруашылығын коллективтендірудің өмірлік қажеттігі барынша толық дәлелденген. Бұл идеяларды дәлелдеу кезінде бізге ең алдымен ірі индустрия керек, оның елімізді капиталистік дүниеден экономика жағынан тәуелсіз етуді қамтамасыз ете алмаймыз, ауыл индустриясыз бүкіл халық шаруашылығын қайта құру үшін техникалық база жасауға болмайды, яғни ауыл шаруашылығын да, транспортты да көтеруге болмайды деп В. И. Ленин талай рет атап көрсетті. Дәл осыларға байланысты В. И. Ленин мына классиктік тұжырымды жасады:

Тракторлар мен комбайндарды жөндеудің озат әдістерін кеңінен қолданайық

★
Облыс МТС-тері мен совхоздарында трактор және комбайн жөндеудің төртінші тоқсандық жоспарының орындалуы туралы
20 НОЯБРЬДЕГІ МӘЛІМЕТ
(Жоспардың орындалуы проценті)

МТС-тер бойынша	Трактор жөндеу	Комбайн жөндеу
Ленин	50,0	30,7
Интернационал	41,4	85,7
Сартомар	34,3	—
Преснов	33,3	6,6
Калинин	31,5	—
Тимирязев	30,4	44,4
Булаев	29,4	83,3
Баян	27,9	53,3
Суворов	26,1	14,2
Коновалов	25,0	35,2
Николаев	22,7	9,0
Совет	22,2	71,4
Образцова	21,9	—
Куйбышев	21,3	—
Ворошилов	15,7	—
Пушкин	12,5	36,3
Ильич	12,5	14,2
Налобин	10,7	—
Чистян	10,2	—
Петропавл	9,6	33,3
Чапалаев	9,3	43,7
Полудень	9,0	15,3
Асанов	8,0	—
Торангүл	7,3	66,6
Соколов	7,3	—
Майбалык	6,2	12,5
Шағлы	6,2	10,0
Видьямс	5,2	21,4
Приешім	5,1	10,0
Семипалата	3,8	11,1
Ново-Георгиевка	2,5	—

Совхоздар бойынша	Трактор жөндеу	Комбайн жөндеу
Жамбыл	97,7	—
Хрущев	90,0	—
Тимирязев	85,3	—
Булаев	83,3	66,6
Москворецкий	74,3	—
Интернационал	71,8	—
Степной	66,6	—
Дзержинский	62,8	—
Елім	59,4	—
Петропавл	53,3	—
Жданов	41,1	72,7
Украин	40,5	—
Октябрь	38,8	140,0
Буденный	38,0	44,4
Маленков	36,1	—
Докучаев	35,0	—
Преснов	33,0	75,0

★ Жөндеу жұмысына тораптық әдістің жаңа түрін қолдану

Облысымыздың МТС-тері мен совхоздарының механизаторлары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысының қарқынын әуен еткізіп өрістете түсіп келеді. Бұл әдіс заңды да. Өйткені тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын дерезінде, жоғары сапада жөндемейінше, ауыл шаруашылығын жан-жақты өркендету ісіне техника қуатын толық және неғұрлым тиімді пайдалануға болмайды.

МТС-тер мен совхоздардың көпшілігінде тракторларды, комбайндарды, басқа да ауылшаруашылық машиналарын жөндеуге тораптық әдіс кеңінен қолданылып жүр. Олар бұл әдісті қолдануды жақсы меңгерген. Жөндеу жұмысын тораптық әдіс бойынша жүргізгенде машиналардың әрбір тораптық бөлшектерін жөндеуге, сол сыяқты тракторларды бөлшектеу және құрастыру жұмыстарына мастерскойларда арнаулы жұмыс орындары болады. Ол жұмыс орындары керекті құрал-саймандармен, аспаптармен қамтамасыз етіледі. Бұл арнаулы орындарға жөндеу жұмысының аяғына дейін тұрақты жұмыс істейтін белгілі мөлшерде жұмысшылар, тракторшылар, комбайншылар тағайындалады. Міне, тораптық әдістің негізгі принциптері осылай болып табылады.

Жөндеу жұмысын бұл әдіспен ұйымдастыру еңбек бөлінісін жолға қоюға, жөндеушілерді іске мамандандыруға жағдай жасайды, олардың еңбек өнімділігін арттырады, жөндеу жұмысындағы несіздікті жояды, жөндеушілердің тапсырылған іске жауапкершілігін күшейтеді, орындалған жұмыстың сапасын тексеруді жеңілдетеді. Сонымен қатар жөндеу жұмысына тораптық әдісті қолдану мастерскойлардағы жұмыс орындарын, жабдықтарды тиімді пайдалануға жағдай жасайды, машиналарды жөндеу жұмысының өзіндік құнын едәуір арзандатады. Ленин атындағы (Приешім ауданы), Баян (Преснов ауданы) МТС-тері мен Киров атындағы астық совхозының механизаторлары өткен қыста жөндеу жұмысын тораптық әдіс бойынша жүргізе отырып, мастерскойлардағы жұмыс орындарының тиімді пайдаланылуына, қосалқы бөлшектердің, жөндеу материалдарының қаржының едәуір көп үнемделуіне және машиналарды жөндеу сапасының жақсаруына жетісті.

Жөндеу жұмыстарына кәсіргі қолданылып жүрген тораптық әдістердің неғұрлым жаңа және тиімді түрі үздіксіз-тораптық әдіс болып табылады. Үздіксіз-тораптық әдіс бойынша машиналарды құрастыру тұрақты бір орында емес, мастерскойдың ұзын бойына салынған рельсті жолмен жылжып отыратын арбада жүргізіледі. Жөндеу орындары өздерінің ретімен осы рельс жолының бойына орналастырылады. Бұл арбаны жылжытып әрбір торапқа әкеліп отыру арқылы машинаны бірте-бірте құрастыра беруге жағдай жасайды.

дiң сапасы жақсарды, жөндеу жұмысын дұрыс ұйымдастыруға, мастерскойдағы жұмыс орындарын тиімді пайдалануға мүмкіншілік жасалады. Бұл әдіс әресе еңбек өнімділігінің арттырылуын қамтамасыз етеді. Өйткені линия бойындағы әрбір тораптық жөндеушілер кезекті тораптық жұмысын бөгемеу үшін машина құрастырылатын арбаны көп бөгемей жылжытып отыруға тырысады. Сөйтіп адамдардың іске жауаптылығы, еңбек тәртібі арта түседі.

Машинаны құрастыру жұмысы рельске қойылған жылжымалы арба үстінде жүргізілмей, арнаулы бір орында жүргізілгенде, жұмысшылар бір тракторды құрастырып болғаннан кейін екінші трактор тұрған орынға барады. Бұл үшін олар жөндеуге керекті құрал-саймандарды, аспаптарды, жабдықтарды бір жерден екінші жерге тасымалдауға мәжбүр болады. Мұның өзі құрастырушы жұмысшылардың негізгі жұмыстарын едәуір бөгейді. Үздіксіз-тораптық әдісті қолдану бұл кемшіліктерді негізінен жояды.

Үздіксіз-тораптық әдісін қолданғанда керекті қосалқы бөлшектердің, басқа да материалдардың кезінде жеткізілмеуі себепті бір тораптық жұмыс бөгелсе, бұл барлық тораптардың жұмысына өзіндік зиянды әсерін тигізеді. Жұмысты тездету үшін және оның тоқталып қалуына жол бермеу үшін блок головкаларының, жалғасу муфталарының, тағы басқа агрегаттар мен тораптардың ауыстыру қоры мол болуы керек.

Үздіксіз-тораптық әдісті қолданғанда жұмыс орындарын материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ететін комплектацияш қойманың ұйымдастырушылық ролі едәуір артады. Комплекталушы-механик жарамды детальдардың толық комплекттарымен барлық жұмыс орындарын қамтамасыз етіп отыруға тиіс.

Жөндеу жұмысын үздіксіз-тораптық әдіс бойынша жүргізгенде диспетчерлендірудің маңызы зор. Диспетчер тракторлар мен ауылшаруашылық машиналардың жоспар және график бойынша мастерскойға кезінде енгізіліп отырылуына, әрбір тораптық жұмыстың барысына бақылау жасайды, сонымен бірге қосалқы бөлшектердің есебін жүргізеді.

Үздіксіз-тораптық әдіс ең алдымен жақсы жабдықталған жаңа типті мастерскойы бар МТС-тер мен совхоздарда қолданылады. Сондай-ақ жұмыс орындары жеткілікті мастерскойларды да жөндеу жұмысын үздіксіз-тораптық әдіс бойынша жүргізуге бейімдеп жабдықтауға болады.

Кәзір МТС-тер мен совхоздарға жаңа мастерскойлар салуды № 2660 және № 1662 типті жоба бойынша ұйымдастыру ұсынылып отыр. Бұл жобаларда жөндеу жұмысына үздіксіз-тораптық әдісті кеңінен қолданудың жағдайлары қарастырылған. Сонымен бірге МТС-тер мен совхоздарға жаңа типті жобаны ұйымдастыруға қажетті құрал-саймандарды, аспаптарды, жабдықтарды жеткілікті мөлшерде жабдықтауға қажетті жұмысшыларды тартуға қажетті шараларды қолдануға қажет.

★ Машина-трактор парктерінде жөндеу жұмысының қарқыны баяу

Совет ауданы МТС-терінің тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуге кіріскеніне бірсыпыра уақыт болды. МТС-терде жөндеу жұмысы басталған алғашқы күннен бастап механизаторлар істе зор белсенділік көрсетуде. Кәзір аудан МТС-терінде жөндеу жұмысында үздіксіз озат көрсеткіштерге ие болып келе жатқан мамандар мен механизаторлар көптеп саналады.

Мысалы, Совет МТС-нің токарі Бломен жолдас бескүндік тапсырмасын 190 процент етіп үнемі асыра орындауда. Ол кәзір екіжылдық норманы аяқтап, үшінші жылдың есебіне жұмыс істеп жүр. Сондай-ақ уста Андрей Гаск жолдасының да өндірістік көрсеткіші жоғары. Ол бескүндік тапсырмаларды үнемі асыра орындап, кәзір біржарым жылдың жұмыс нормасын орындауға жетісті.

Міне осындай озаттармен қатар істі жақсы ұйымдастыра білген жекелеген цехтар үлгілі көрсеткішке ие болуда. Атып айтақанда, токарьлар цехының мүшелері бескүндік тапсырманы 139 процент, ұсталар цехы 132 процент орындайды. Сөйтіп токарьлар МТС-нің Ауыспалы Қызыл Туын, ұсталар ауыспалы ымыралы алды. Олар москвалықтардың бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығу туралы бастамасын қызу қолдай, еңбек өнімділігін арттыра беруге және шығарған бөлшектердің жоғары сапалы болуына міндеттенді.

Трактор жөндеу жұмысында осы сыяқты жекелеген озаттардың болуымен бірге, аудан МТС-терін тұтас алғанда бұл істің қарқыны әлі де баяу. Оның себебі оларда озаттардың тәжірибелерінің іске бағыл енгізілмеуі, еңбектің дұрыс ұйымдастырылмауы, социалистік жарыстың кең өрістетілмеуі болып отыр. Міне осындай себептерден 16 ноябрьге дейін Совет МТС-інде небары 10 трактор, Сартомар МТС-і бойынша 7 трактор мен 16 трактор саялжасы ғана жөндеген. Ал істің жайы Шағлы МТС-інде бұдан да нашар. Мұнда жоғарыда көрсетілген мерзімге бар болғаны екі доңғалақты трактор мен 7 трактор саялжасы ғана жөндеді.

Машина-трактор паркін жөндеуді ойдағдай жүргізу жөндеуші-механизаторлардың еңбегін дұрыс ұйымдастыруға тікелей байланысты екендігін айтуымыз керек. Амал не, көптеген МТС-терде бұған мән бермеушілік фактілері орын алған. Сартомар МТС-інде әлі күнге ауылшаруашылық машиналарын жөндейтін арнаулы, жақсы жабдықталған жұмыс орны жоқ. Сондықтан мұнда жөндеу жұмыстары қыс күндері де өшпек жерлерде жүргізіледі. Мұның өзі еңбек өнімділігінің, жұмыс сапасының төмен болуына әсерін тигізбей отырған жоқ.

Жөндеу жұмысының дерезінде аяқталуын қамтамасыз ету үшін МТС-тер мен совхоздарға жаңа типті жобаны ұйымдастыруға қажетті құрал-саймандарды, аспаптарды, жабдықтарды жеткілікті мөлшерде жабдықтауға қажетті жұмысшыларды тартуға қажет.

Мал фермаларындағы мәдени-бұқаралық жұмыстар

СОБШ Орталық Комитеті Пленумдарының еліміздің ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету туралы қаулылары мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің алдына да аса зор міндеттер қойды. Сондықтан мәдени-ағарту қызметкерлері еңбекшілерді мәдениетті түрде қамтуды ұйымдастыра отырып, оларға партия мен үкіметтің қаулы қарарларын кеңінен түсіндіруге, сөйтіп, мәдени-ағарту мекемелерін ауыл-селодағы идеологиялық жұмыстардың маңызды участогіне айналдыруға тиіс. Облысымыздың бірқатар мәдениет қызметкерлері жазғы шаруашылық жұмыстары кезінде өздерінің бұл міндеттерін едәуір жақсы орындады.

Кәзір жазғы жұмыстар аяқталды. Қысқы маусымның басталуына байланысты облысымыздың қолхоздары мен совхоздарындағы шаруашылық жұмыстардың дені мал фермаларына ауысты. Демек, мәдени-бұқаралық жұмыстары да ауыл шаруашылығының бұл маңызды саласымен тығыз байланыстыра жүргізілуге, қолхозшылар мен МТС, совхоз жұмысшыларын қоғамдық малдарды аман сақтау және олардың өнімін арттыруға бағытталуы тиіс.

Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің қолхоздар мен совхоздарда мал қыстатуға әзірлену және оны өткізу туралы қаулысында барлық мал фермаларында қызыл мүйістерді ұйымдастырудың қажет екендігі атап көрсетілген. Фермалардағы қызыл мүйістерде мал қыстатудың алғашқы күндерінен бастап олат малшылардың іс тәжірибелерін насихаттайтын, орын алған кемшіліктерді батыл сынап, оны жоюдың жолдарын көрсететін қабырға газеттері мен жауынгерлік листовкалар уақытылы шығарылып отырылуы керек. Малшылар арасында социалистік жарыстың қорытындыларын шығару, оның нәтижелерін көпшілік талқысына салу, озаттардың еңбектегі табыстарын жұртшылықтың игілігіне айналдыру қызыл мүйіс қызметкерлерінің ардақты борышы.

Селолық кітапханалар мен клубтардың оқу үйлерінің қызметкерлері партия ұйымдарымен бірлесе отырып, мал фермаларында өнімдер өткізуге, баяндамалар жасап, лекциялар оқуды ұйымдастыруға міндетті. Сол сыяқты, фермаларда жұмыс істейтіндердің тәжірибелі мал өсірушілермен кездесуін, оларға мал шаруашылығына арналған ғылыми бұқаралық фильмдерді көрсетуді ұйымдастыруды да ұмытуға болмайды.

Өткен жылы мал қыстату маусымында мәдени-көпшілік жұмыстарын үлгілі ұйымдастырған, тәжірибелі мол мәдени-ағарту мекемелері облысымызда көптеп саналады. Мәселен, Совет ауданындағы Григорьевка селолық клубы, Булаев ауызындағы Надеждинск селолық кітапхана, Полудень ауданындағы Скворцовск

оқу үйі мал фермаларындағы мәдени-көпшілік жұмыстарын өсерлі ұйымдастырды. Бұларда мал шаруашылығына арналған көштер көптеп өткізілді. Бұл кештерде мамандардың, қолхоз бен ферма басшыларының баяндамалары тыңдалып, мал өсіру шеберлерінің іс тәжірибелері ортаға салынды. Мұның өзі фермаларда еңбектің дұрыс ұйымдастырылуына, мал қыстатудың ойдағыдай өткізілуіне көп әсерін тигізді.

Малшылар арасында мәдени-бұқаралық жұмыстарын өсерлі жүргізудің бірден-бір тиімді жолы мал шаруашылығына арналған кештер өткізу екендігі Преснов аудандық мәдениет үйінің тәжірибесінен айқын көрінді. Мәдениет үйі өткен жылы Преснов МТС-і аймағындағы қолхоздар мен Буденный атындағы ет-сүт совхозының мал шаруашылығы қызметкерлерінің кешін өткізді. Кеш өткізілген алдында мәдениет үйінің залы қолхоздардың мал шаруашылығының өсуі туралы диаграммалармен, озат малшылардың іс тәжірибелерін насихаттайтын плакаттармен безендіріліп, мал өсірушілерге кеңестер беретін ғылыми кітаптардың көрмесі ұйымдастырылды. Кеште қолхоз председателдері, мал дәрігерлері мен зоотехниктер, озат қолхозшылар сөз сөйлеп, өзара пікір алды. Олар мал қыстатуда орын алған кемшіліктерді батыл сынап алды және мал күтімі жөнінде мамандардың лекцияларын тыңдады. Мұндай арнаулы кештер өткізуді үнеміміздегі жылғы да барлық мәдениет үйлері, клубтар мен кітапханалар естен шығармаулары қажет.

Облысымызда әлі де болса өзінің жұмысын қолхоз өндірісінен бөліп алып, бүгінгі өмірмен ешбір байланысыз жүргізіп келе жатқан мәдениет орындары жоқ емес. Мұндай оқиға жүргізілген жұмыстардан ешқандай жақсы нәтиже күтуге болмайтыны да белгілі. Сондықтан мәдени мекемелердің қызметкерлері мәдени-бұқаралық жұмыстарын қолхоз шаруашылығымен тығыз байланыстыра жүргізуге тиіс.

Аудандық мәдениет бөлімдері өздерінің күнделікті жұмыстарында мал фермаларында ұйымдастырылған қызыл мүйістердің жұмысына бақылау жасап, оған жаңды басшылық етуді, күн сайын практикалық кеңестер көрсетіп отыруды едетке айналдырулары керек. Барлық мәдениет орындары — мәдениет үйлері, кітапханалар, оқу үйлері мен клубтар, кино мен фотоаппараттар үйірмелері мал шаруашылығы қызметкерлері арасында мәдени-бұқаралық жұмыстарын жақсартуға барлық мүмкіншіліктерді пайдалануға міндетті. Мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері ұйымшылдықпен жұмыс істей отырып, мал қыстатуды үлгілі өткізуге өздерінің келелі үлестерін қосады.

А. ОВЧИННИКОВ,

Облыстық мәдениет басқармасы бастығының орынбасары.

Концерт қойып берді

Булаев ауданындағы Еңбекшілер клубы

Ұзынқал	32,0	155,0
Торанғұл	31,2	80,0
Явленка	29,1	—
Приешім	28,2	127,2
Киров	25,9	20,0
Мамлют	25,0	100,0
Чистов	21,8	50,0
Совет	20,0	128,5
Шағлы	13,3	50,0
Токшын	10,0	75,0
Қарағанды	—	—
Қыялы	—	—
Қызылжар	—	—

Әдетте мастерскойдың ұзын бойына бір емес, екі қатар жол төселеді. Мұның өзі бір мезгілде екі тракторды, немесе бір трактор мен бір комбайнды бір мезгілде құрастыруға мүмкіндік береді. Сөйтіп, мастерскойда машинаны құрастыруды линия бойымен жылжымалы түрде жүргізу жұмыстың үздіксіз істелуін қамтамасыз етеді. Бұл әдістің үздіксіз-тораптық әдіс деп аталу себебі де, міне осыдан.

Үздіксіз-тораптық әдісті қолданудың артықшылығы сол, мұнда әрбір торапта істейтін жұмысшылар мен механизаторлардың іске мамандығы артады, жөндеу-

лары жаңадан салынатын мастерскойларды осы жобалар бойынша ұйымдастыруға назар аударулары керек.

Үздіксіз-тораптық әдісті өндіріске енгізу, жөндеу жұмысына қолданылып жүрген тораптық әдісті дамытудағы ірі бір алым болып табылады. Сондықтан да МТС, совхоз басшылары тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеуде бұл әдісті жеңінен қолданулары керек.

М. ГАРДБЕРГ,
Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы ауылшаруашылық насихат басқармасының бас инженері.

ұйымдары механизаторлар арасында социалистік жарысты кең өрістетіп, күнделік нормаларын асыра орындаушылардың тәжірибелерін көпшілікке үздіксіз таратып отыруға тиіс. МТС басшылары ауылшаруашылық машиналарын арнаулы орындарда жөндеуді қамтамасыз етулері қажет. Тракторлар ауылшаруашылық машиналарын мезгілінде және сапалы жөндеу—МТС алдында тұрған көктемгі ауылшаруашылық жұмыстарын агротехникалық ережелерге сай етіп, мұлтқисіз орындаудың кепілі.

С. ҚАЮМОВ.

шылар коллективі Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің мүшелері мәдени қамтуда едәуір жұмыстар жүргізіп отыр. Мектеп коллективі колхозшылар арасында жиі болып, олармен түрлі тақырыптарда әңгімелер өткізеді, демалыс кештерін ұйымдастырады. Сол сыяқты демалыс уақыттарында колхоз шаруашылығына қолма-қол көмектеседі.

Жуырда жетіжылдық мектептің оқытушылар коллективі артель мүшелеріне «Біржан сал және Сара» пьесасын қойып берді. Пьесадағы рольдерді орындауға мектеп директоры Қ. Жамалиев, оқыту-

шылар коллективіне басқа жолдастар қатысты. Мектеп оқушылары көркемөнерпаздар үйірмесінің күшімен ұйымдастырылған концертке 150-ден астам колхозшылар қатысты. Оқушылар колхозшыларға өз өнерлерін көрсетті. Жетінші класс оқушылары Б. Ысқақова, М. Шәймұқанова «Жетісу», «Ақ мақта» әндерін жақсы шеберлікпен орындап берді. Колхозшылар жас өнерпаздардың шеберліктеріне риза болып, оларға алғыс айтты.

Мектептің оқытушы-оқушылар коллективі көзір колхозшылар үшін жаңа концерттер дайындап, оны Советтік Конституция күні көрсетпек.

М. ЗАҒЫПАРОВ.

«Коммунизм дегеніміз—Совет өнметі және бүкіл елді электрлендіру» (Шығармалар, 31 том, 533-бет).

Бүкіл халық шаруашылығын социалистік жолмен жаңа техникалық негізде қабырға құру программасының негізі болған, коммунистік қоғам орнату программасының негізі болған бұл лениндік идея көздің өзінде-ақ миллиондаған адамдардың нақты, қуатты, жеңілісін ісіне айналды және айналуда. Мұның нәтижесінде социалистік жолмен индустриализацияның ауыл шаруашылығын қолдау жөніндегі ауыл міндеттері ойдағыдай іске жүзіне асты. Ал мұның өзі біздің елімізді ұлы индустриялы-колхозды державаға айналдырды, социализмнің қуатты материалдық-техникалық негізін салуға мүмкіндік берді.

Лениндік бұл идеяны іске жүзіне асыру негізінде Қазақстанда да ірі-ірі табыстарға қол жетті: оның бет-бейнесі мүлде өзгерді, мұнда мыңдаған алдыңғы қатарлы фабрикалар мен заводтар, темір жолдар мен электр станциялары, колхоздар мен совхоздар, МТС-тер мен ММПС-тер ұйымдастырылды: қазақ даласының сарқылмас байлықтары халық мүдделеріне пайдаланыла бастады.

Лениндік шығармалардың бәрінде халыққа—тарих жасаушыларға деген шексіз сүйіспеншілік айқын көрінеді. Еңбекші халық бұқарасының алдымен жұмысты табының тарихтағы ролі жете баяндалған. Революция жасау, оның жеңісін бапты ету, ел ішінде терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жүргізу ондаған миллион еңбекші бұқарасының белсенділігіне, тарихи қоймына кең тарауына байланысты деп В. И. Ленин талай рет көрсетті.

Біздің еліміздегі социалистік құрылыс тәжірибесі халық бұқарасының тарихтағы ролін айқын сыйпаттады. Халық бұқарасының тарихтағы ролі туралы лениндік ілім негізінде бізде жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың совет одағы жасалып, ол кәзір біздің советтік қоғамдық құрылысымыздың негізгі тұтқасы болып отыр.

В. И. Ленин шығармаларында коммунистік құрылыс жағдайларындағы еңбек өнімділігінің маңызы барынша айқын ашылып, дәлелденген.

«Еңбек өнімділігі,—дейді Ленин «Ұлы бақтама» деген еңбегінде—сайып кел-

генде, жаңа қоғамдық құрылыстың жеңуі үшін ең маңызды, ең басты нәрсе...

Еңбек өнімділігін арттыру үшін, жұмыс істеушілердің бас пайдасына емес, олардың «жақындарының» пайдасына да емес, олардың «алыстарының» пайдасына түсетін, яғни бүтіндей бүкіл қоғамның, әуелі бір социалистік мемлекетке, одан соң Советтік республикалар одағына бірлескен ондаған және жүздеген миллион адамдардың пайдасына түсетін **әрбір пұт астықты, көмірді, темірді және басқа өнімдерді сақтау үшін қатардағы жұмысшылардың** ауыр еңбекті жеңіп шығатын жанкүйерлік қамқорлығы тұрған жерде коммунизм басталады». (Шығармалар, 29 том, 424-бет).

Лениндік бұл қағыйдасының да өмірлік күші мен маңызы біздің еліміздегі коммунистік құрылыстың барысында әбден дәлелденді және ыңғай дәлелденіп келеді. Советтік қоғамдық құрылыстың жеңуі жолында совет адамдарының жүргізіп жатқан күресі барлық жерде де, әрбір фабрика мен заводта, әрбір шахта мен рудникте, әрбір колхоз бен совхозда еңбек өнімділігін үздіксіз арттыру ұранымен, қоғамдық байлықты көбейту, молайту ұранымен жүріп келеді. Бұл түсінікті де. Еңбек өнімділігінің өсуі—біздің барлық экономикалық табыстарымыздың негізі, еңбекшілердің материалдық әл-ауқатын жақсартудың негізі.

В. И. Лениннің мәңгі өшпес еңбектерінде алдыңғы қатарлы, нағыз халықтық, социалистік мәдениетті дамыту туралы, барлық еңбекшілерді мәдениетке тарту туралы ұлы идеялар бар, мәдениеттің барлық жеңістерін қалың халық бұқарасының игілік етуі туралы В. И. Лениннің толып жатқан нұсқаулары мен үндеулері бар. Октябрь революциясының алғашқы күндерінде-ақ В. И. Ленин үлкен шабытпен былай деген еді.

«Бұдан бұрын бүкіл адамзаттың ақылы, оның бүтін даналылығы техника мен мәдениеттің барлық жақсылығын тек біреулерге беріп, басқаларды ең қажетті нәрседен—ағарту ісімен дамудан мақұрым қалдыру үшін жасайтын еді. Ал енді техниканың барлық кереметтері, мәдениеттің барлық табыстары жалпы халық игілігіне айналады, сөйтіп бұдан былай адамзаттың ақылы мен даналылығы ешуақытта да қорлық құралына, қанау құралына айнамайтын болады. Біз мұны білеміз,

—сондықтан осы ең ұлы тарихи міндетке бола жұмыс істеуге тұрмай ма, барлық күшті беруге тұрмай ма? Сондықтан еңбекшілер бұл тарихи алып жұмысты істеп шығады, өйткені еңбекшілердің ішінде революцияның, дәйта туудың және жаңарудың қозғалмай жатқан ұлы күштері бар» (Шығармалар, 26 том, 480-бет).

Социалистік құрылыстың практикасы лениндік бұл қағыйдалардың дұрыстығын толық дәлелдеді. Қысқа тарихи мерзім ішінде біздің елімізде ең алдыңғы қатарлы, түгелдей халық мүдделеріне қызмет ететін, оның рухани байлығын молайтатын мәдениет жасалды. Бұл мәдениетті жасаушы халықтың өзі. Социалистік құрылыс жағдайында халық өзінің қуатты творчестволық күштерін ашты, өздерінің сарқылмайтын тылшын көрсетті. Ғылым мен техника, әдебиет пен искусство бұрын тарихта болып көрмеген дәрежеде мықтап дамыды. ССРО-ның ұлан-байтақ аяры түрлі мектептерге, түрлі ағарту мекемелеріне әбден толы. Мәдениет даму жағынан қазақ халқының да табыстары өте зор: ол қасырлар бойы болып келген хат данымаушылықты мәңгі жойды, өзінің түрі ұлттық, мәдениеті социалистік мәдениетін жасалды, өзінің интеллигенциясын өсіріп тәрбиелері.

В. И. Ленин өз шығармаларында жалпы алғанда идеологияның, қоғамдық сананың, жекедеп алғанда социалистік идеологияның іргелі-іргелі мәселелерін әр жағынан бірдей терең талдады. Қоғамдық дамудың, халық бұқарасының саяси жүресін легі, коммунизм жеңісі үшін күрестегі идеологияның, идеологиялық жұмыстың ролі мен маңызын В. И. Ленин аса жоғары бағалады. Өзінің «Не істеу керек?» деген классиктік еңбегінде мынадай данышпандық қағыйдаларды айтты:

«Революциялық теория болмаса, революциялық қозғалыс та болмақ емес... **Алдыңғы қатарлы теорияны қолданған партия ғана алдыңғы қатарлы күрескердің ролін атқара алады...** Социалистік идеологияның маңызын кемітушіліктің қандай болса да, одан **шеттеушіліктің қандай** болса да буржуазиялық идеологияны күшейкендік болып табылады (Шығармалар, 5 том, 394, 396, 411-беттер).

Біздің Коммунистік партияның жарты ғасырдан астам тарихы, советтік қоғамның тарихы идеологияның, жаңа қоғам-

дық идеялардың, жаңа саяси сенімдердің аса зор ролі мен маңызы туралы лениндік қағыйдалардың бүкіл данышпандығын өте айқын дәлелдеді. Ленинизм негізделген социалистік идеология бүкіл совет халқының идеологиясы болды.

Біздің еліміздің тарихи дамуының кәзіргі жағдайларында, социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтудің жағдайында бұқара арасында идеологиялық жұмыс барынша ерекше маңыз алуға. Идеологиялық жұмыс өзінің сансыз көп формаларымен және түрлі тарауларымен буржуазиялық идеологияның қалдықтарын әлі де болса идеясыздықтың, ұлтшылдықтың және басқалардың қайталауы түрінде байқалатын қалдықтарын жою ісіне жәрдем етуге тиіс, сөйтіп капитализмнің адамдар санасындағы барлық қалдықтарымен күресу ісіне жәрдемдесу керек.

Өмір мынаны көрсетіп отыр: социалистік идеологияның лениндік принциптерін тек қана сақтау ғана біздің қоғамның күштері мен қуатын молайтуды қамтамасыз етеді, оның ілгері басуын, коммунизм жолымен алға қарай басуын тездетеді, совет адамдарына коммунистік тәрбие беру ісіне жәрдем етеді, идеологиялық жұмыста қателерден сақтандырады.

Жұртқа мәлім В. И. Лениннің барлық шығармалары еңбекшілердің революциялық жүресінің қажеттерін орындау нәтижесінде жарыққа шықты, сондықтан олардың бәрі айбынды, айқын творчестволық сыйпат алады. В. И. Ленин еркін аса зор көмектер жапашық болды, ескі көзқарастар мен пікірлерден—олар жаңа талаптарға жауап беруден қалған кезде—батыл бастартып отырды, түрлі ағым мен кертартпалыққа қарсы баруды қорықпады, әрбір жаңа және тарихи бет-бұрыста революциялық теорияны заманашылық практикалық міндеттерімен шебер байланыстырып отырды.

Теорияға, ілімге лениндік творчестволық көзқарас біздер үшін, совет адамдары үшін, совет ғылымы мен мәдениетінің қайраткерлері үшін үлгі болып табылады, ал оның бұл мәселе жөніндегі нұсқаулары бірінші реттерде әлі де орын алып жүрген догматикалыққа, өріп кемірушілікке қарсы күресте жетекші болады.

Біздің партиямыздың идеологиялық жұмыс саласындағы үлкен жеңістерінің бірі—совет адамдарының саяси сапасының бұрын болып көрмеген дәрежеде өсуі бо-

лып табылады, олардың арасында марксизм-ленинизмнің жеңімпаз ұлы идеяларының кең түрде тарауы болып табылады. Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің совет халқының идея жағынан қаруландыру жөнінде үздіксіз көрсеткен қамқорлығы арқасында тек соңғы 30—35 жылдың ішінде В. И. Лениннің шығармалары төрт рет орыс тілінде басылып шықты. Лениннің таңдаулы шығармалары, аса маңызды классиктік еңбектері көп тиражбен талай рет басылып шықты. Лениндік шығармалар ССРО халықтарының 57 тілінде және көптеген шетел тілдерінде де талай рет басылып шықты. Сонымен ССРО-да басылып шыққан лениндік шығармалардың жалпы тиражы үстіміздегі жылдың басында 265 миллион данадай асып түсті.

Ленинизмнің теориялық және практикалық маңызы совет адамдарының біздің елімізде коммунизм орнату жолындағы ерлік күресінде ерекше зор. Ленинизм қоғамдық өмірдің толғағы жеткен мәселелерін дұрыс түсінуге, батыл шешуге, айналадағы жағдайды — ол қаншама қиын болса да—дұрыс ұға білуге, оқыйғанын барысын күн ілгері көре білуге, күрес пен еңбекте кездесетін қиыншылық атаулының бәрін жеңе білуге еркінше мүмкіндік беріп отырады.

Лениндік шығармаларды—біздің партияның аса маңызды идеялық байлығын—оқып үйрену барлық коммунистер үшін, совет интеллигенциясының барлық кадрлары үшін, барлық совет адамдары үшін өздерінің идеялық дәрежесін көтеру ісінде ең басты, ең маңызды міндет болып табылады.

В. И. Ленин шығармаларында Советтік Шығыс халықтарының экономикалық және мәдени өмірін дамытудың міндеттері тікелей талданған көптеген документтер бар. Шығыс халықтарының коммунистік ұйымдарының міндеттеріне арналған бір еңбегінде В. И. Ленин былай дейді:

«Міндет сол—еңбекшілер бұқарасы қандай дәрежеде тұрақтылығына қарамастан, олардың талаптылығына және ұйымдасуға революциялық белсенділігін ояту керек, неғұрлым алдыңғы қатарлы елдердің коммунистеріне арналған нағыз коммунистік ілімді әрбір халықтың тіліне аудару керек» (Шығармалар, 30 том, 148-бет).

Қазақстанның әрбір коммунисті, әрбір қазақ өзінің социалистік Отанын, өзінің көмекгер Коммунистік партиясын мақтан етіп, В. И. Лениннің бұл данышпандық нұсқауы Қазақстанда да ойдағыдай орындалып отыр деп үлкен сүйсініспен айта алады. Осының нәтижесінде кәзір В. И. Лениннің барлық шығармалары қазақ халқының ана тілінде игілігі болып отыр.

В. И. Ленин шығармаларының аудармасы қазақ халқының түрі ұлттық, мәдениеті социалистік мәдениетіне қосылған аса зор үлес болып табылады. Ленин шығармаларын қазақ тіліне аудару нәтижесінде марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін аударудың ғылыми принциптері жасалды, қазақ тілінде аса бай әлеуметтік-экономикалық терминология жасалды. Осының бәрі қазақ тілін едәуір дәрежеде байытты, оның сөз құрамын, лексикалық мүмкіншілігін бұрынғыдан да гөрі кеңіте түсті.

В. И. Ленин шығармаларын қазақ тілінде басып шығару ісін аяқталуына байланысты Қазақстан еңбекшілерінің арасында марксизм-ленинизмді насихаттауға бұрынғыдан да гөрі әрі қолайлы, әрі жеңіл жағдай жасалды. Ендігі жерде қазақ еңбекшілерінің арасында ана тілінде марксизм-ленинизмді кең түрде насихаттайтын лекциялар мен баяндамалар жасауға, қазақ тілінде теориялық мақалалар мен кітапшалар жазуға мүмкіншіліктер кеңейіп отыр. Мұны Қазақстанның барлық партия ұйымдары, қазақ коммунистері, қазақ совет интеллигенциясының кадрлары барынша шебер, барынша мол пайдалана білугі керек, сөйтіп бұқараға коммунистік тәрбие беру ісін, партия, совет кадрларын марксизм-лениндік тұрғыдан шынықтыру ісін әбден жақсартуға пайдалану керек. Кәзіргі басты міндет—осы мүмкіншілікті толық және сарқа пайдалана отырып, республикамыздағы бүкіл идеологиялық жұмысты барлық жағынан бірдей жақсарту болып табылады.

С. БАИШЕВ,
Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институтының—СОКП Орталық Комитеті жанындағы Маркс—Энгельс—Ленин—Сталин институты филиалының директоры.

Тарандықтардың баспамасы бойынша

Қостанай облысы, Таран ауданының еңбекшілері жақында игілікті бастама көтерді. Олар республикамыздың барлық еңбекшілерін ауыл-село мәдениет ошақтарының жұмыстарын жақсарту және жаңаған көптеген кітапханалар, оқу үйлерін ашуға, клуб үйлерін салуға шақырды. Тарандықтардың бұл игілікті бастамасы Совет ауданының еңбекшілері арасында қызу қолдау тапуда.

Аудан еңбекшілері тарандықтардың бас тамасын тапқыдай отырып, бұл салада орын алған көшпелі жерді жоюдың нақтылы жолдарын белгіледі. Олар колхоз басшыларының алдына жаңадан көптеген мәдениет орындарын ашуды, оларды керекті құралдармен қамтамасыз етуді талап еткен мәселелер қойды. Ауданның елді пункттерінде 1954-1955 жылдардың ішінде жаңадан 10 селолық клуб, 10 радиоторабы салынбақ. Соның нәтижесінде келесі жылы аудан колхоздары мен МТС, совхоздарын радиоландыру толық аяқталатын болады. Бұрыннан жұмыс істейтін мәдениет орындарын қайта жабықтау үшін де көптеген жұмыстар жүргізу белгіленіп отыр. Мәселен, быйылғы жылы 8 селолық клуб, 12 селолық кітапхана үйі жүздеген жерден өткізіліп, қажетті жабықтармен толық қамтамасыз етілетін болады.

Келесі жазда ауыл-селоларды қалалдан алысу жұмысы да кең көлемде жүргізілмек. Колхоздар үшін отырғызылатын ағаштардан басқа әрбір колхозшы өз үйінің маңына 20-25 жеміс, көркейткіш ағаштар отырғызуға міндеттенді. Барлық колхоздарда спорт алаңдары жабықталуы, жергілікті шаруашылық жұмыс істеуі, ауыл-село интеллигенттерінен лекторлар тобы құрылып, оны еңбекшілер алдына айына кемінде екі рет лекция оқулары қарастырылған. Колхоздар көзінді өзінде бұл жұмыстарға керекті құрал-жабдықтарды сатып ала бастады. Ал ауданның мәдениет бөлімі әрбір елді пунктте кемінде ай сайын екі рет кино көрсетуді белгілеп отыр. Ол үшін көшпелі кинолардың маршруттары қайтадан жасалуда. Аудандық мәдениет бөлімі көзінді

мәдениет орындарында жұмыс істеу үшін қажетті адамдарды іріктен алуды жүргізуде.

Колхозшылар мен механизаторларды мәдениетті қамтуды дұрыс ұйымдастыру жолында «Аралған» ауылшаруашылық өртелінде игілікті жұмыстар жүргізілуде. Колхозшылардың бастаманы талқылауға арналған жалпы жыйналысы мәдени-ағарту жұмыстары үшін 30 мың сом қаржы бөлді. Мұнда колхоз клубы қайтадан жабықталуда. Бұл жұмыста коммунист Жанатаев, Жленалин жолдастар ерекше белсенділік көрсетуде. Жақын арада радио торабы сатып алынып, колхозшылардың барлық үйлері толық радиоландырылмақ. Кітап қорында 500-ден астам көркем, саяси, ауылшаруашылық әдебиеттері бар кітапхана жұмыс істей бастайды. Сол сыяқты, келесі жылы колхозшылар және қоғамдық шаруашылықтар үшін көптеген стандартты үйлер салу белгіленген.

«Еркіндік», «Игілік» колхоздары жаңа клуб үйлерін салуға қажетті құрылыс материалдарын әзірлей бастады. «Еркіндік» колхозы үстеміздігі жылы радиоторабын сатып алмақ. Колхоздың барлық фермалары мен бригадаларында қызыл мүйіздер ұйымдастырылып, олар керекті әдебиеттермен, музыкалық аспаптармен, радиоқабылдағыштармен қамтамасыз етілмек. «Борьба за коммунизм» колхозында колхоз башқасы жаңадан ағаштар отырғызылып, жақсартылады және келесі жылы жақсы жабықталған спорт алаңы жұмыс істей бастайтын болады. Колхозда бұл жұмыстарға көзінді өзінде 9 мың сомнан астам қаржы босатылған. Мұнда колхозшылар үйлерін радиоландыру жұмыстары да қызу жүргізілуде.

Ауданның партия, совет орындары жағында көрсетілген жұмыстардың түгел жүзеге асырылуын көздеген шаралар белгілеуде. Еңбекшілердің мәдени-тұрмыстық дәрежесінің жақсаруы, сөз жоқ, олардың еңбекке деген ынтасын арттырады, сөйтіп, шаруашылық жұмыстарының барысын жақсартады.

Б. ҚОЖАХМЕТОВ.

Дәрігерлік көмекті жақсартамыз

Есіл ауылдық Советінің жанындағы (Октябрь ауданы) медициналық пунктін «Ерлік» және Жамбыл атындағы колхоздарды қамтыды. Біз медициналық пункттің аталған колхоздарды ойлағандай қамтуын қамтамасыз етуді қарастырдық. Медициналық пункт еңбекшілерді дәрігерлік көмекпен қамтып отырып, олардың арасында медициналық ережелерді кеңінен түсіндіруді жүргізіп отырады. Үстіміздегі жылдың ішінде еңбекшілер арасында жұқпалы аурулар және оларды емдеу, одан алдын-ала сақтану жөнінде көптеген баяндамалар жасалып, нәтижелер өткізілді. Сол сыяқты колхозшылар үйлерінде тазалығы да үнемі тексеріліп, гигиенаны сақтау жөнінде көптеген медициналық кеңестер беріліп отырды.

Біз жазғы жұмыстар кезінде колхоз-

дициналық жабықтарды толық дайындап алдық. Қысқы маусым кезінде біз колхоздардың барлық фермалары мен алыстағы мал жайылымында жұмыс істеп жүрген колхозшыларды қамтуға тиіспіз. Бұған біз алдын ала жақсы әзірлік жүргіздік. Өткендегі тәжірибеміз бойынша әрбір мал фермаларында дәрігерлік аптеккалар, санитарлық жұмыстар жүргізетін арнаулы адамдар болмақ. Сонымен бірге, қысқы маусымда да колхоздардың барлық бригадаларын аралап, колхозшыларға дәрігерлік көмек көрсетуді үзбей жүргізу үшін пункттің қарауындағы колхоздар арнаулы көліктер бөліп берді.

Біздің негізгі міндетіміздің бірі—мектеп оқушыларының денсаулығына қажеттілік жасауды дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Біз бұл мәселеге де көңіл

Социалистік жарыстың озаттары

Жақында облыстық ауылшаруашылық басқармасы мен совхоздар тәреі және КЛХЗО облыстық комитеті облысымыздың жас комбайншыларының социалистік жарысының қорытындысын шығарды. Екін жыйнау маусымын табысты өткізуге арналған бұл жарысқа 300-ге жуық жас комбайншылар қатысқан болатын. Олардың көпшілігі алған көтеріңкі міндеттемелерін аброймен орындап, еңбектің тамаша үлгілерін көрсетті. Мәселен, Совет МТС-нің комбайншысы Прокопий Ульянов жолдас «С-6» комбайнында жұмыс істей отырып, бір маусым ішінде 861 гектар алаңның егінін жыйнап, 4427 центнер астық бастырды. Ол бұл жақсы нәтижеге өзінің жұмысын дұрыс ұйымдастыру нәтижесінде жетті. Ульянов жолдаспен Петропавл МТС-нің комбайншысы Иван Кель жолдас та қатысқан жоқ. Ол былылғы жұмыс маусымында 825 гектар алаңның егінін жыйнап, 5139 центнер астық бастырды. Социалистік жарыстың қорытындысында Ульянов, Кель жолдастар жас комбайншылар арасында бірінші, екінші орындарға шығып, КЛХЗО облыстық комитетінің құрмет кітабына жазылу правасына ие болды және бағалы сыйлықтармен наградталды.

Ал Булаев ауданындағы Узыякөл астық совхозында «С-6» комбайнымен 645 гектар егін жыйнаған И. Антония, Совет ауданы Киров атындағы совхоздың комбайншысы А. Рыжков, Октябрь ауданы Ворошилов атындағы МТС-нің комбайншысы А. Сычев, Полудень ауданының Ново-Георгиевск МТС-нің комбайншысы А. Верер жолдастар социалистік жарыста үшінші орынға ие болып, облыстық комсомол комитетінің құрмет грамотасымен және бағалы сыйлықтарымен наградталды.

Р. ҚАБАСОВ.

Табысты еңбек

Жақында С. М. Киров атындағы заводтың Хасмұтшинов жолдас бастық болып істейтін цехында Мәскеудің алдыңғы қатарлы өнеркәсіпорындарының бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындауға шақырған патриоттық бастамасын талқылауға арналған жыйналыс болып өтті. Цех коллективі бұл бастаманы бір ауыздан қолдай отырып, жұмыс қарқынын бұдан да жылдамдатуға және шығарылған өнімдердің сапасын жақсартуға міндеттенген болатын. Олар бұл көтеріңкі міндеттемені аброймен орындау жолында қажырлы еңбек етіп жүр. Көзінді цехтың сменалық жұмыс талқылауы 135 проценттен асыра орындалды. Ал мастерлер Сағитов, Анохина жолдастар өздерінің жұмыс талқылауларын 135 проценттен кем орындаған емес.

Цехтағы еңбек озаттарының ішінде жұмыс тапсырмасын 200 процент орындайтын Герасимов, Мұқтаров жолдастар және 180 проценттен орындайтын Галуалин, Малашикин жолдастар бар. Олар мұндай үлкен көрсеткіштерге жұмыс күшінің үнемі арттырылуы және станок-

Монгол Халық-революциялық партиясының XII съезінде

УЛАН-БАТОР, 20 ноябрь. (СОТА). Монгол Халық-революциялық партиясының (МХРП) XII съезі өзінің жұмысын оған әрі жүргізуде. Бүгінгі мәжілісте Цеденбалдың есепті баяндамасы бойынша жарыссөз басталды. Шығып сөйлеушілер Монгол Халық Республикасында соңғы жылдардың ішінде болған зор өзгерістер туралы, Монгол Халық Республикасы еңбекшілерінің өз партиясына деген жауапкершілігі және оған берілген міндеттері туралы, Монгол және совет халықтарының туысқандық достығы туралы айтты.

Монгол Халық-революциялық партиясының XII съезіне

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті Монгол Халық-революциялық партиясының XII съезінің жүректен туысқандық сәлем жолдайды.

Монгол Халық-революциялық партиясы монгол халқын азат ету үшін, Монголияда халықтық демократиялық құрылыс орналып, нығайту үшін жүргізілген революциялық күрестің даңқты жолынан өтті. Халық-революциялық партиясының басшылығымен монгол халқы өз еліне терен мағналы әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүзеге асырды, халық шаруашылығы мен мәдениетін өркендетуде зор табыстарға жетті, сөйтіп социализм негіздерін орнату жолымен ойдағыдай алға басу үшін қажетті мүмкіндіктер тудырды. Басқа халықтық демократия елдерімен бірге Монгол Халық Респуб-

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті құттықтау хатының қорытынды сөздері ду қолнапалақтаумен қарсы алынды. Барлығы да орындарынан тұрып, Совет Одағының Ком-

насы Улан-Баторда халықтық өкімет жылдарында болған үлкен өзгерістер туралы Улан-Батор қалалық комитетінің бірінші секретары Дамжин толық баяндады. Соңғы жылдары, деді ол, Улан-Баторда үш жөткізгіш және үш орта мектеп, бір мұғалімдер институты ашылды. Көзінді қалала әрбір бесінші адам оқуда.

Үзілістен кейін трибунаға Совет Одағының Коммунистік партиясы делегациясының басшысы Комаров жолдас шықты. Ду қолнапалақтау үстінде ол Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің съезге жолдаған мынадай құттықтауын жариялады.

касы бейбітшілік, демократия және социализм ісі жолындағы белсенді күрескер болып табылады.

Монгол Халық-революциялық партиясының өз қатарын нығайту және партия мүшелерінің марксист-лениндік саналылығы дәрежесін арттыру ісінде, халық шаруашылығы мен мәдениетін оған әрі өркендету, жұмысшы табының еңбекші аратықтармен одағын нығайта беру, еңбекшілердің тұрмыс дәрежесін үнемі арттырып отыру жолындағы күресте жаңа табыстарға жетуін пшын жүректен тілейді.

Монголия еңбекшілерінің алдыңғы қатарлы отряды және басшысы—Монгол Халық-революциялық партиясы жасасын! Совет Одағы мен Монгол Халық Республикасының халықтары арасындағы мызғымас туысқандық достық жасасын!

мунистік партиясының құрметіне құттықтаған ұрандар айтты. Съезді Улан-Батор пионерлерінің делегациясы құттықтады. Бүгінгі мәжілістің соңында съезд мандат комиссиясының хабарын тыңдады.

ГДР Халық палатасының мәжілісі

БЕРЛИН, 19 ноябрь. (СОТА). Бүгін Берлинде Герман Демократиялық Республикасы Халық палатасының кезекті мәжілісі болды.

Герман Демократиялық Республикасы үкіметінің құрылғаны жөнінде және Министрлер Советінің программасы туралы ГДР-дың премьер-министрі Отто Гротеволь мәлімдеме жасады.

Өзінің мәлімдемесінде О. Гротеволь Халық палатасының мақұлдауына Герман Демократиялық Республикасы Министрлер Советінің төмендегідей құрамын ұсынды: премьер-министр Отто Гротеволь, премьер-министрдің орынбасары Вальтер Ульбрихт; премьер-министрдің орынбасары және ішкі істер министрі Вилли Штоф; премьер-министрдің орынбасары Отто Нупше; премьер-министрдің орынбасары және машина жасау министрі Генрих Рау; премьер-министрдің орынбасары және финан министрі Ганс Лох; премьер-министрдің орынбасары және сыртқы істер министрі Лотар Болыц; премьер-министрдің орынбасары және ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының министрі Пауль Штоф; Мемлекеттің

министрі Курт Вестфаль; сауда мен жабыққау министрі Курт Вах; еңбек пен кәсіпшілік білімдер министрі Фидрих Махер; денсаулық сақтау министрі Луитпольд Штейдле; транспорт министрі Эрвин Браммер; почта мен телеграф министрі Фридрих Бурмейстер; құрылыс министрі Гейнц Винхлер; халық ағарту министрі Фриц Ланге; мәдениет министрі Йоганнес Бехер; юстиция министрі Хильде Веньямин; Германия эмиссиялы банктың президенті Грета Куклоф; барлық финанстық шаруашылық келісім жөніндегі статесекретарь Вилли Румпф; ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау мен сатып алу жөніндегі статесекретарь Герман Штрейт; жоғары мектептер ісі жөніндегі статесекретарь Герхард Харит; жергілікті экономика жөніндегі статесекретарь Карл Кастен; физкультура және спорт жөніндегі Мемлекеттік комитеттің председатели Манфред Эвальд.

О. Гротеволь өзінің мемлекеттік бақылаудың Орталық Комиссиясының председатели, сыртқы және ішкі герман саясатының министрі және штаттар мәселесі жөніндегі Мемлекеттік жоспарлар

Совет Үкметінің 1954 жылғы 13 ноябрьдегі нотасы

Қытай Халық Республикасы үкметінің жауап нотасы

ПЕКИН, 20 ноябрь. (СОТА). ССРО-ның Қытай Халық Республикасындағы елшілігі Совет Үкметінің 13 ноябрьдегі нотасына КХР үкметінің мынадай жауабын алды:

«Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрлігі Советтік Социалистік Республикалар Одағының елшілігіне өзінің құрметтейтінін білдіреді және төмендегіні хабарлауды аброй деп санайды:

Қытай Халық Республикасының Үкметі 1954 жылғы 13 ноябрьде Совет Үкметінің Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы мәселе жөнінде жалпыевропалық кеңес шақыру жайындағы нотасын алды.

Қытай Халық Республикасының үкметі былай деп санайды: Батыс Германияда милитаризмді қайта тудыру мақсатын көздеген Лондон мен Париж келісімдері Германия жайындағы халықаралық келісімдерге толығымен қайшы келеді және бұл келісімдердің европалық хауіпсіздікті нығайту, герман мемлекетінің бірлігін қалпына келтіру міндетімен ешқандай қатысы жоқ. Бұл келісімдер неміс халқының мүдделеріне қайшы келіп қана қоймайды, сонымен бірге европалық елдер халықтарының және бүкіл дүние жүзі халықтарының бейбіт мүдделеріне де қайшы келеді. Қытай Халық Республикасының үкметі Европадағы хауіпсіздікке және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікке елеулі қатер төндіріп отырған Лондон мен Париж келісімдеріне батыл қарсы шығады.

Қытай Халық Республикасының үкметі былай деп санайды: барлық европалық мемлекеттердің қатысуы негізінде коллективтік хауіпсіздіктің тиімді системасы құрылған күнде ғана герман мәселесін бейбіт жолмен шешуге және Европада коллективтік хауіпсіздікті қамтамасыз етуге болады. Совет Одағы ұсынысының Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы мәселе жөнінде жалпыевропалық кеңес шақыру жайындағы ұсынысы герман мәселесін бейбітшілікпен шешуді және барлық европалық мемлекеттердің хауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған тағы бір маңызды қадам болып табылады. Совет Үкметінің бұл ұсынысы дәл уақытында жасалған ұсыныс.

Қытай Халық Республикасының Үкметі Совет Үкметінің ұсынысын толығымен мақұлдайды және Совет Одағы ұсынған жалпыевропалық кеңеске байқаушы ретінде қатысу үшін өзінің өкілін жіберуге әзір отыр».

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ФИНЛЯНДИЯДАН ЖҮРІП КЕТУІ

ХЕЛЬСИНКИ, 20 ноябрь. (СОТА). Финляндия сейімінің шақыруымен Финляндияда болған А. П. Волков бастаған ССРО Жоғарғы Советінің делегациясы бүгін өз еліне жүріп кетті.

Алаштротта делегацияның сейімін

шыларға жедел дәрігерлік көмек көрсету мақсатымен әрбір бригаданы арнаулы аптечкалармен қамтамасыз етіп, оларда санитарлық жұмыстар жүргізетін адамдар тарапындадық. Бұл адамдар қолхозшылар арасында толық тазалық сақталуын бақылап, қажет бола қалған жағдайда адамдарға жедел көмек көрсетіп отырды. Ал бұл көмектер жеткіліксіз болған жағдайда наукастар медициналық пунктте қаралып, аудандық ауруханаға жіберілетін болды. Бұл үшін қолхоз басшылары бізді көлікпен үнемі қамтамасыз етіп келді.

Біздің медициналық пункт қысқы маусымға да толық әзірлік жасады. Пункттегі үйі толық жөнделіп, қысқа қажетті отынмен толық қамтамасыз етілді. Бұл жұмыста бізге қолхозшылар көп көмек көрсетті. Сол сияқты біз қысқы маусымға жеткілікті мөлшерде дәрігер мен ме-

диконымен, Ал сайын мектеп оқушыларын дәрігерлік байқаудан өткізіп, кластарын таза, жылы және жарық болуын мектеп дирекциясынан талап етіп отырамыз. Медициналық пункттегі жұмысында кездесетін қиыншылықтар да бар. Кей уақыттарда наука адамдарға дәрігерлік көмек деркезінде көрсетілмей қалады. Бұл ең алдымен менің пунктте жалғыз істерденігімнен болып отыр. Біздің пункт үшін қосымша медициналық мамандар жіберу туралы аудандық денсаулық сақтау бөлімінің алдына бірнеше рет мәселе қойылған болатын. Алайда, аудандық денсаулық сақтау бөлімі біздің бұл өтінішімізді әлі күнге дейін қанағаттандырмай-ақ келеді. Ал бұл сөзсіз ескеретін іс.

Ж. ТЕМІРБЕКОВ,
Есіл ауылдық Советі жанындағы медициналық пункттің меңгерушісі.

дәрдің күшін толық пайдаланудың нәтижесінде жетісті.

А. БАЛАШОВ.

ИГІ ЕҢБЕКТІҢ ЖЕМІСІ

«Бірлік» ауылшаруашылық артелинің (Ленин ауданы) қарт малшысы Шәймерген Садықов жасының ұлғайғанына қарамастан, қоғамдық мал басын шығынсыз өсіру жолында өтіні күш-қайратын аямай жұмсауда. Оның қарамағында қазір қолхоздың 263 бас бойдақ қарамалы бар.

Шәймерген қарт малшы болып істегелі оның алдынан бірде-бір бас мал шығын болып көрген емес. Қолхоз басқармасы қарт малшының қажырлы еңбегін жоғары бағалап, оған жуырда қосымша ақыға екі торпақ берді.

Қ. НҰРҒАЛИЕВ.

ЖАҢА КІТАПТАР

Т. С. Мальцев. «Жер өңдеудің және егіс егудің ауылшаруашылық өнімдерінен жоғары және тұрақты өнім алуға мүмкіншілік беретін тәжірибелері туралы». Мемлекеттік ауылшаруашылық баспасы, 1954 жыл, 43 бет, бағасы 55 тыйын.

Кітапта Шәдринск тәжірибе станциясының директоры Сталиндік сыйлықтың лауреаты Т. С. Мальцевтің СОМ Орталық Комитетінің ұйғаруы бойынша 1954 жылғы 7 августта Бурган облысы, Шәдринск ауданындағы «Заветы Ленина» қолхозында шақтырылған Бүкілодақтық кеңесте жасаған баяндамасы жарияланған.

«Тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде совхоз қызметкерлеріне көмек». Материалдар мен мақалалар жыйнағы мемлекеттік ауылшаруашылық баспасы, 1954 жыл, 224 бет, бағасы 4 сом 85 тыйын.

Жыйнақта: РСФСР совхоздар министрі Т. А. Юркиннің — «Тың және тыңайған жерлер игерілетін аудандарда жоғары өнімді және рентабельді совхоздар құрамы»; В. М. Казанскийдің — «Жаңа совхоздардағы тың және тыңайған жерлерде машина-трактор паркін пайдалану»; В. М. Молчановтың, М. Д. Андриевскийдің, Н. С. Нейманның — «Совхоздарда автомобиль транспортын, жүк тиегін және жүк түсіретін құралдарды пайдалануды ұйымдастырудың кейбір мәселелері»; Д. Я. Володарскийдің, П. Ф. Шкуратовтың — «Жаңа астық совхоздарында еңбек ұйымдастыру және еңбекақы төлеу» деген мақалалары және басқалар жарияланған.

«МТС—қолхоз өндірісін өркендету жолындағы күресте». Мақалалар жыйнағы Мемлекеттік ауылшаруашылық баспасы, 1954 жыл, 324 бет, бағасы 5 сом 30 тыйын.

Жыйнақта МТС директорларының, трактор бригадасы бригадирлерінің және

мамандардың қолхоздардың қоғамдық шаруашылығын онан әрі өркендету үшін МТС-тердің қалай күресетіндігін баяндайтын мақалалары жарияланған.

«МТС директорына көмек». Мақалалар жыйнағы. Мемлекеттік ауылшаруашылық баспасы, 1954 жыл, 203 бет, бағасы 3 сом 55 тыйын.

Жыйнақта МТС-тің ішкі қорларын пайдалануға, шаруашылық есеп, МТС-ге еңбекақы төлеу мәселелеріне арналған мақала енгізілген.

«Картоп пен омыртқалы мол өнім алу үшін». Мақалалар жыйнағы, Мемлекеттік ауылшаруашылық баспасы, 1954 жыл, 496 бет, бағасы 7 сом 15 тыйын.

Жыйнақта жарияланған мақалалардың авторлары — зверошылар, бригадирлер, агрономдар, қолхоз председателдері — картоп пен омыртқалы жоғары өнім алуға өздерінің тәжірибелері туралы айтады. Жыйнақта сондай-ақ бірқатар ғылыми қызметкерлердің мақалалары, оның ішінде профессор А. Г. Лорханов — «Картопты өсіру туралы» және профессор В. Э. Эдельштейннің — «Омыртқалы шаруашылығының аса маңызды мәселелері» деген мақалалары енгізілген.

Н. Каротамм. «Егін шығымдылығын арттыру — социалистік жер шаруашылығының аса маңызды міндеті». Мемлекеттік саяси әдебиеттер баспасы, 1954 жыл, 142 бет, бағасы 1 сом 75 тыйын.

Кітап еліміздің қолхоздарында, совхоздары мен МТС-терінде агротехниканың озат әдістерін қолданудағы практикалық тәжірибелерді насихаттауға арналған.

Автор дәнді дақылдардан, техникалық және майлы дақылдардан мол өнім алуға қалай жетіскендіктері жөнінде социалистік ауыл шаруашылығы озаттарының әңгімелерін мысалға келтіреді.

Т. Л. Басюк. «МТС—қолхоз өндірісін өркендетудегі шешуші күш». Мемлекет-

тік саяси әдебиеттер баспасы, 1954 жыл, 230 бет, бағасы 2 сом 75 тыйын.

Кітапта Совет Одағының машина-трактор станцияларының жұмыс тәжірибесі қамтылған және СОМ Орталық Комитетінің сентябрь, февраль-март және июнь Пленумдарының қарарларында МТС-тердің алдына қойылған міндеттер туралы айтылады. Кітапта: МТС—қолхоз құрылысының индустриалды материалдық-техникалық базасы; МТС-тің өндірістік міндеттері; МТС-те еңбекті дұрыс ұйымдастыру және еңбекақыны дұрыс төлеу—өндірістік міндеттерді ойдағыдай шешудің шарты; МТС-тің қолхоздармен шартты қатынастары; МТС басшылығын мейлінше жақсарту—ауыл шаруашылығын игілетін өркендетудің аса маңызды шарты деген тараулар бар.

И. Сероштан. «Аудандық партия комитеттерінің қолхоздардың басшы кадрларымен жұмысы». Мемлекеттік саяси әдебиеттер баспасы, 1954 жыл, 80 бет, бағасы 1 сом.

Автор Усть-Лабинск аудандық партия комитетінің қолхоздардың басшы кадрларын іріктеп алу және орналастырудағы, кадрларды практикалық жұмыста тәрбиелеу және тексерудегі, ауылшаруашылық қызметкерлеріне қолхоздардың озат тәжірибесін үйретудегі, партия ұйымының қолхоз басқармасының жұмысын бақылап отырудағы жұмыс тәжірибесі туралы әңгімелейді.

Е. Ерохина «Қарамақо» совхозының партия ұйымы». Мемлекеттік саяси әдебиеттер баспасы, 1954 жыл, 71 бет, бағасы 85 тыйын.

Жаңашыл Социалистік Еңбек Ері С. И. Штейманның басқаруымен малшылары малдың жаңа жоғары өнімді — Кострома тұқымын өсірген «Қарамақо» совхозы елімізде кеңінен әйгілі. Е. Ерохинаның кітапшасында совхоз партия ұйымының жұмыс тәжірибесі туралы айтылады.

жоспарлау комиссиясының председателі Бруно Лейшнер; ауыр өнеркәсіп министрі Фриц Зельман; жеңіл өнеркәсіп министрі Вильгельм Фельдман; тамақ өнеркәсібі

Герман демократиялық республикасы үкіметінің программалық мәлімдемесі

БЕРЛИН, 19 ноябрь. (СОТА). Герман Демократиялық Республикасы жаңа үкіметінің құрылуына байланысты ГДР-дың премьер-министрі Отто Гротеволь бүгін ГДР Халық палатасының мәжілісінде өзі құрған үкімет жұмысының программасы туралы мәлімдеме жасады.

Өзінің мәлімдемесінің бас бөлігінде О. Гротеволь 1954 жылғы 17 ноябрьде Халық палатасында болған сайлаудың қорытындысына тоқтады. Бонн мен Француз үкіметінің арасында жасалған Париж келісімі мен Саар облысы туралы келісімді талдай келіп, О. Гротеволь Бонн үкіметінің Германияны жаңа соғыс жолына тартатынын атап көрсетті.

Германияның бейбітшілікпен қайта

мисиясының председателін әлі тарапайын-дамағандығы туралы және бұларды белгілегеннен кейін Халық палатасына келіп-ірірек хабарланатыны жөнінде айтты.

қосылуы, делі О. Гротеволь, тек Париж келісімін жою және Батыс Германияның біржақты соғыс топтарынан бас тартуы жолымен ғана болуы мүмкін.

Бүгін кешке кім Париж келісімін ратификациялауды жақтаса, ол Германияны бөлшектенді және Германияның екі бөлігінің бейбітшілікпен қайта қосылуы жолына кедергілер жасауды жақтайды.

Бұдан кейін О. Гротеволь Аденәуэр үкіметі мен Германияның бейбітшілік және демократиялық негізде ұлттық қайта қосылуына мүмкіншілік бермеуге тырысып отырған батысгерманиялық монополиялық буржуазия топтары мен ірі жер иелерінің халыққа қарсы саясатына келінен тоқталды.

седателі Фатерхольм, сөймен екінші вице-председателі Куяла, сыртқы істер министрі Вролайнен, сыртқы істер министрлігі мен «Финляндия-Совет Одағы» қоғамының жауапты қызметкерлері шығарып салды.

Делегацияны, сол сияқты, ССРО-ның Финляндиядағы елшісі В. З. Лебедев, Қытай Халық Республикасы мен халықтық демократия елдерінің дипломатиялық өкілдері шығарып салды.

Аэродром ССРО мен Финляндияның мемлекеттік туларымен безендірілді.

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ФИНЛЯНДИЯДАН ҚАЙТЫП КЕЛУІ

ССРО Жоғарғы Советінің председателі А. И. Волков басқарған ССРО Жоғарғы Советінің делегациясы 20 ноябрьде Сеймнің шақыруымен Финляндияға барған сапарынан Москваға қайтып келді.

Редактор **Е. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

Жолдас
сен
ЛЕНИН ТУЫ
газетіне жазудың ба?

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

1 айға	—	4 сом 35 т.
3 айға	—	13 сом 05 т.
6 айға	—	26 сом 10 т.
1 жылға	—	52 сом 20 т.

Бір жылға тұтас жазылыңдар!

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ДУШПАННЫҢ ІЗІМЕН»

Сеанстар кешкі сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«БОГАТЫРЬ» МАРТОҒА БАРА ЖАТЫР»

Сеанстар кешкі сағат 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат облыс экрандарында «ДУШПАННЫҢ ІЗІМЕН» деген көркемсуретті жаңа фильм көрсете бастайды. Фильмді чехословак Мемлекеттік киностудиясы 1953 жылы жасап шығарған.

Петропавлдың май өндірісі базасына түпкілікті жұмысқа автомобиль-лесарылары, слесарь-радиаторшы, сүт құятын ыдыстарды дәнекерлеушілер КЕРЕК. АДРЕС: Қарағанды көшесі, 33-үй.

«Глававтокторсбытқа» жүк тиеушілер КЕРЕК. Еңбекақы істеген жұмысына қарай төленеді. АДРЕС: Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 96-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 82-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.